
• ПӘТУАЛАР



ЧАЙЛДФРИДІҢ ҮКІМІ ҚАНДАЙ?

▸▸3

• ӘДЕБИЕТ



ЖАЗУШЫНЫҢ ӨЗІ ТУРАЛЫ ТУЫНДЫ

▸▸5

№10 (160)
26.05.2026
СЕЙСЕНБІ

Minara

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РУХАНИ-ТАНЫМДЫҚ ГАЗЕТІ



Ділмұрат ПІРМҰХАММЕДҰЛЫ,
танымал кәсіпкер:

МЕШІТ ІШІНДЕГІ МЕШІТТІ ҚАЗ-ҚАЛПЫНДА ҚАЛДЫРДЫҚ

КЕЙДЕ БІР АДАМНЫҢ БІР АУЫЗ СӨЗІ НЕМЕСЕ ІЗГІ АМАЛЫ АЙНАЛАСЫНДАҒЫ ЖАНДАРДЫҢ ӨМІРІН ӨЗГЕРТІП, ТАҒДЫРЫНА ӘСЕР ЕТІП ЖАТАДЫ. СОНДАЙ ЖАННЫҢ БІРІ ПІРМҰХАММЕД ҚАЖЫ ЕДІ. ОНЫҢ САЛЫП КЕТКЕН МЕШІТІ ӘЛІ КҮНГЕ ДЕЙІН ҮШ БУЫННЫҢ ЖҮРЕГІН ІЗГІЛІККЕ БІРІКТІРІП КЕЛЕДІ. ПІРМҰХАММЕД ҚАЖЫНЫҢ ҰЛЫ, БЕЛГІЛІ МЕЦЕНАТ, ДІН ЖАНАШЫРЫ ДІЛМҰРАТ КҮЗИЕВПЕН БОЛҒАН ӘҢГІМЕМІЗ ОСЫДАН БАСТАЛДЫ. СҰХБАТТЫ НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА ҰСЫНЫП ОТЫРМЫЗ.

– Ділмұрат Пірмұхаммедұлы, үш буынның жүрегін біріктірген мешіттің салыну тарихы жайлы ғибратты әңгімелерді өз аузыңыздан естісек.

– 1993 жылы әкем Пірмұхаммед үлкен қажылыққа барып, парызын өтеп келді. Меккеден үлкен оймен оралған ол: «Балам, біз қамсыз, хәрекетсіз жүрген екенбіз. Өмірімізді босқа өткізіп жатырмыз. Бала тәрбиесін қолға алмасақ болмайды. Оқу орнын ашайық, мешіт салайық. Балалар жан-жақты білім алсын. Имамдарымыздың білімін жетілдірейік. Алла үшін халыққа жақсылық жасайық. Сауап амалдарды кеш болмай тұрғанда атқарайық», – деп мәселені төтесінен қойды. Ол кезде, яғни 90-жылдардың басында оқу орнын ашу, мешіт салу былай тұрсын, күн көрудің өзі мұң болатын. Өзім басқаратын зауыттағы екі мың жұмысшының жалақысын бере алмай қиналып отырған кезім. «Әке, жұмысшыларыма жалақы бере алмай отырғанда мешітті қандай ақшаға салып беремін?» дедім. Орынды уәжіме дес бермеген әкем: «Міне, аяқтан тұрып кету үшін, Қазақстанды дамыту үшін ең алдымен балаларды оқытып, көкірек көзін ашуымыз керек. Олардың бойына имандылықты сіңіру қажет. Мешіт салу керек деп отырғаным осы», – деп тұрып алды. Әкеме қарсы сөз айтпай, үндемей үйден шығып кеттім.

– Содан кейін не болды?


– Бір күннен кейін әкем зауытқа келді. Қасында жігітбасымыз Иминжан Мәмәтәлиев ағамыз бар. Ұйғыр халқында көргені көп адамды жігітбасы етіп сайлайтын жақсы дәстүр қалыптасқан. Кейінгі буын жігітбасының ақыл-кеңесіне құлақ асып, игі істерге үлес қосады. Сонымен әкем мен Иминжан аға екеуі екі жақтан мешіт салуға үгіттей бастады. Жағдайды тағы түсіндірдім. Ол кезде есеп айырысу ақшалай емес заттай жүзеге асатын. Біреуге зауыттан шығатын құбыр берсем, ол маған басқа нәрсе береді. «Әке, менде мешітті толық салып беретін ақша жоқ. Ертең бітпей қалса, не болады?» дедім. Әкем алған бетінен қайтпай: «Мешітті халық салады. Сонда сен қарап тұрмайтын шығарсың?» – деді. Тоқырау заманында нанға ақша таппай отырған халық мешітке көмектесе алмайтынын тағы айттым. Ренжіген болса керек, ләм-мим деместен шығып кетті. Ренжітіп алдым ба деп қатты ойландым. Көңілін жықпай, «жақсы» дей салуға болар еді. Бірақ есепсіз, бас-көзсіз үлкен істі бастап кетуге жүрексіндім. Өйткені ол мен үшін үлкен жауапкершілік еді. Жоспарда жоқ жұмысты бастап кетіп, ертең ол аяқсыз қалып, Алладан да, әкемнен де, жұрттан да ұят бола ма деп қорықтым.

Ойым онға, санам санға бөлініп отырғанда әкем кабинетіме қайта кірді. Зілді үнмен: «Сен осы өмірде мәңгі жүрем деп ойлайсың ба?» – деді. Бұл сұрақ төбемнен мұздай су құйғандай денемді тітіркендіріп жіберді. «Дәм-тұзым таусылғанда мен де кетем ғой, әке. Ешкім мәңгі емес қой» дедім. «Ендеше ертең Алланың алдына барғанда не деп жауап бересің? О дүниеде жақсы болуың үшін осы өмірде жақсылық істеуің керек, балам!». Әкемнің сөзі сүйегімнен өтіп кетті. Күні бойы ойландым. Кешке үйге барғанда әкеме қолымнан келгенше көмектесетінімді айтып, ең бірінші не істеу керегін сұрадым. «Балам, бірінші бізге жер алып берсең болды. Қалған шаруаны осындағы халықпен ақылдасып істей береміз. Мешіт деген Алланың, сосын халықтың көмегімен бітетін іс қой» деді.

(Жалғасы 4-бетте)

БОЛАШАҚ КІТАП ОҚИТЫНДАР ҚОЛЫНДА

БІРЕР АПТА БҰРЫН МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ «КІТАП ОҚУ МӘДЕНИЕТІН ДАМЫТУ ЖӘНЕ ЗЕРДЕЛІ ҰЛТ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» ЖАРЛЫҚҚА ҚОЛ ҚОЮЫ ЕЛ БОЛАШАҒЫНА БЕЙ-ЖАЙ ҚАРАМАЙТЫН, ӘСІРЕСЕ, КІТАПҚА ЖАҚЫН ЖАНДАР ҮШІН ҚУАНЫШТЫ ЖАҢАЛЫҚ БОЛДЫ ДЕСЕК, АРТЫҚ АЙТҚАНЫМЫЗ ЕМЕС. ШЫНТУАЙТЫНДА, КІТАП ОҚУ МЕН БАСПА, КІТАПХАНА САЛАСЫНА ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕЛЕРГЕ АҚОРДАНЫҢ КӨҢІЛ БӨЛУІ ЕЛ РУХАНИЯТЫНА БИЛІК ӨКІЛДЕРІНІҢ ДЕ НАЗАРЫН АУДАРУҒА СЕП БОЛМАҚ.




Бірер жыл бұрын Президенттің 23 сәуірді Ұлттық кітап күні деп белгілеуі смартфон жаулаған қоғамда кітап оқу мәдениетін қалыптастырудың басты қадамы еді. Ал арада көп өтпей оған қатысты Жарлық шығарып, Үкіметке тиісті тапсырма беруін мемлекеттің зерделі ұрпақ тәрбиелеуге шындап кіріскенінің белгісі деп түсіндік. Негізі атқарушы билікке берілген тапсырмалардың кейбірі бұған дейін де күн тәртібінен түспей, салаға жауапты және жанашыр ұлт зиялылары, зияткер жастардың ұйытқы болуымен орындалып жүргені айдан анық. Енді бұл бастамалардың Президенттің Жарлығына еніп, Үкіметке ұсынылуы кітап мәдениетін қалыптастыру жөніндегі ілкімді істерді жедел түрде ілгерілетеді деп сенеміз.

(Жалғасы 7-бетте)

МАҒЖАННЫҢ ЖАСЫРҒАН ЖҰМБАҒЫ


ОН СЕГІЗ МЫҢ ҒАЛАМДЫ АЛТЫ КҮНДЕ-АҚ ЖАРАТҚАН АЛЛАНЫҢ АДАМ БАЛАСЫН ЖАРАТУЫНДА ДА БІР СЫР БАР ҒОЙ. АДАМНЫҢ ӘЛЕМІ ҚАШАН ДА ӨЗІНІҢ ТЫЛСЫМ ТЕРЕҢ СЫРЫМЕН ТАҢҒАЛДЫРАДЫ.



Осы ретте «Қабуснамада» келетін мына үзіндіде үлкен мән бар. «Адамдардың бірінші түрі біледі және білген сайын білгісі келеді, екінші түрі біледі, біле тұра білмеймін дейді, үшінші түрі білмейді және білгеннің тілін алмайды» демекші, Алаш ардақтыларының бірі Мағжан Жұмабаевтың біле тұра білмегенсіп, жұмбақтап, жазуында қаншама арман-мақсат жатыр десеңізші. Кешегі кеңестік дәуір қанша жерден тұншықтырғысы келсе де, кеудесін ыза, намыс дерті басқан ақынның небір қитұрқы саясаттың айла-шарғысына амал таба біліп, ел жұртын шынайы кешегісімен табыстыруға жұмбақ сырлары көп көмегін тигізді. Сондай жұмбақ сырға толы Мағжанның өлеңдерін оқымау, оны талдамау бізге сын. Небір азапты күндерді бастан кешкен, тар жол, тайғақ кешуде де аяғынан шалыс баспаған, ұлтым деп боз інгендей боздаған өр тұлғалы халқымыздың тарихи соқпағы қандай бұралаң демеске әддіміз жоқ. Сол тарихыңды қызғыштай қорып, жаңғыртып, тірілтем деушіұлт жанашырларыңның маңдайына тиер соққысы қаншама ауыр еді.

(Жалғасы 5-бетте)

«ШОРА-И ИСЛАМ» ДЕГЕН НЕ?



АҚПАН ТӨҢКЕРІСІНЕН КЕЙІН РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНДАҒЫ МҰСЫЛМАН ХАЛЫҚТАРЫ ӨЗДЕРІНІҢ ДІНИ, САЯСИ, МӘДЕНИ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ҮШІН ТҮРЛІ ҰЙЫМДАР ҚҰРҒАНЫ БЕЛГІЛІ. СОНЫҢ БІРІ «ШОРА-И ИСЛАМ» ҰЙЫМЫ ЕДІ. АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫНА ҚАТЫСЫ ДЕРЕКТЕРДЕ ОСЫ ҰЙЫМНЫҢ АТЫ ЖИІ АТАЛАДЫ. МҰСЫЛМАН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ МҮДДЕСІН ҚОРҒАУ, ДІНИ ЕРКІНДІКТІ САҚТАУ, МҰСЫЛМАН ЖҰРТЫНЫҢ САЯСИ БІРЛІГІН КҮШЕЙТУ СЕКІЛДІ МАҚСАТТАРДЫ АЛДЫНА МІНДЕТ ЕТКЕН «ШОРА-И ИСЛАМ» ҰЙЫМЫНА ДЕГЕН АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ КӨЗҚАРАСЫ ҚАНДАЙ ЕДІ? ЖАЛПЫ БҰЛ ҰЙЫМ ҚАНДАЙ ҚЫЗМЕТ АТҚАРДЫ? МАҚАЛАДА ОСЫ ТАҚЫРЫПТЫ ТАРҚАТЫП ЖАЗУҒА ТЫРЫСТЫҚ.

▸▸6

АХМЕТЖАН ҚАЖЫНЫҢ ҚИЛЫ ТАҒДЫРЫ



КІСІЛІК ХАҚЫНДА СӨЗ ӨРБІТКЕНІМІЗДЕ ШЕЖІРЕ ЖЕЛІСІНЕ КӨЗ ЖҮГІРТІП, КІМНЕН ТАРАҒАНЫНА ЗЕР САЛАТЫН ХАЛЫҚПЫЗ ҒОЙ. ТҮП ТЕГІНДЕ ДЕГДАРЛЫҚ БОЛМАСА, АДАМ ШІРКІН, ЖОҚТАН БАР ЖАСАМАҚ ТҮГІЛІ, БАРЫНЫҢ ӨЗІН БАҒАМДАЙ АЛМАС ХӘЛДЕ БОЛМАҚ. АХМЕТЖАН ҚАЖЫ – ТЕКТІ ӘУЛЕТТІҢ ТҰЯҒЫ, БАТЫР ТАҢСЫҚ ҚОЖАНЫҢ ШӨБЕРЕСІ. ТАҢСЫҚ БАТЫР КІМ ДЕСЕҢІЗ, КЕШЕГІ ӨТКЕН ХАН АБЫЛАЙДЫҢ ШЕРЛІ ЗАМАНЫНДА СОҢЫНАН ОРЫНТАҚ ТҰРҒЫЗЫП, ҚОЛ БАСТАҒАН ДАҢҒАЙЫР ТАРИХИ ТҰЛҒА.

▸▸6

ПРЕЗИДЕНТТЕР ЯСАУИ КЕСЕНЕСІН ЗИЯРАТ ЕТТІ

ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІ ҰЙЫМЫНЫҢ САММИТІ ҚАРСАҢЫНДА ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ, ӘЗЕРБАЙЖАН ПРЕЗИДЕНТІ ИЛЬХАМ ӘЛИЕВ, ҚЫРҒЫЗСТАН ПРЕЗИДЕНТІ САДЫР ЖАПАРОВ, ТҮРКИЯ ПРЕЗИДЕНТІ РЕЖЕП ТАЙИП ЕРДОҒАН ЖӘНЕ ӨЗБЕКСТАН ПРЕЗИДЕНТІ ШАВКАТ МИРЗИЁЕВ ТҮРКІ ДҮНИЕСІНІҢ ӘЙГІЛІ РУХАНИ ЖӘНЕ ТАРИХИ-МӘДЕНИ, КИЕЛІ ОРЫНДАРЫНЫҢ БІРІ, ЮНЕСКО-НЫҢ БҮКІЛӘЛЕМДІК МҰРА ТІЗІМІНЕ ЕНГЕН ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ КЕСЕНЕСІН ЗИЯРАТ ЕТТІ.



Мемлекеттер басшылары ұлы ғұлама, әулие Қожа Ахмет Ясауи мен кесене аумағында жерленген басқа да белгілі тарихи тұлғалардың рухына зиярат етті. Президенттерге кесенені XIV ғасыр соңында Әмір Темірдің бұйрығымен салынғаны, көлемі жағынан әртүрлі 35 бөлмеден тұратыны, ғимараттың ішкі биіктігі 39 метрді, ал сыртқы биіктік өлшемі 41 метрді құрайтыны жөнінде ақпарат берілді.

Мәртебелі меймандар қабірхананы, орталық бөлмеде орналасқан қазандықты, тайқазанды және қола лауханы аралап көрді. Сондай-ақ экспозицияда түркі-Ислам әлемінің белгілі ойшылдары мен шайырларының еңбектерінен тұратын 45 кітап қойылған. Олардың арасында Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани Хикмет», Низамидің «Хамса», Науаидің ғазалдары, Бақырғанидың шығармалары, Фирдоусидің «Шахнама», Физулидің «Ләйлі мен Мәжнүн» дастандары, сонымен бірге «Манас» жырының үзінділері және басқа да сирек кездесетін туындылар бар. Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоған кесенеге османдық каллиграф Ахмед Шемседдин Карахисаридің қолынан шыққан Құранды сыйлады. Зиярат рәсіміне ҚМДБ Төрағасы Наурызбай қажы Тағанұлы да қатысты.

ТҮРКІСТАНДА ЖАҢА МЕШІТ АШЫЛДЫ

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ПЕН ШАВКАТ МИРЗИЁЕВ ҚАЗАҚСТАН МЕН ӨЗБЕКСТАН АРАСЫНДАҒЫ БАУЫРЛАСТЫҚ БАЙЛАНЫС ЖӘНЕ РУХАНИ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫШАНЫ РЕТІНДЕ ТҮРКІСТАНДА БОЙ КӨТЕРГЕН МЕШІТПЕН ТАНЫСТЫ. ҚҰЛШЫЛЫҚ ҮЙІНІҢ ОРТАЛЫҚ ЗАЛЫНДА ҚҰРАН ОҚЫЛДЫ. ІС-ШАРАҒА БАС МҮФТИ НАУРЫЗБАЙ ҚАЖЫ ТАҒАНҰЛЫ ДА ҚАТЫСТЫ.





Мешіт Өзбекстан Президентінің Түркістан тұрғындары мен барша қазақстандықтарға тарту ретінде салынған. Ғимаратта дәстүрлі Ислам элементтері заманауи құрылыс технологияларымен үйлесім тапқан. Қасбеті мен ішкі аумағы ұлттық ою-өрнекпен және мұсылман каллиграфиясымен безендірілген. Мұнаралардың биіктігі – 61 метр.

Ғибадат орны жаңа инженерлік желілермен жабдықталған. Сондай-ақ абаттандырылған аумақта жарықтандыру жүйелері, демалыс аймақтары, субұрқақтар бар.

27 МАМЫР – ҚҰРБАН АЙТ МЕРЕКЕСІНІҢ БІРІНШІ КҮНІ

АСТАНАДА ҚМДБ ТӨРАҒАСЫ НАУРЫЗБАЙ ҚАЖЫ ТАҒАНҰЛЫ ҚҰРБАН АЙТ МЕРЕКЕСІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫН ӨТКІЗДІ.

«Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы көрші Өзбекстан, Қырғызстан мұсылмандары діни басқармаларымен, бірқатар мұсылман мемлекеттерімен кеңесіп, Құрбан айт күнін белгіледі. Шариғат үкімі мен ғылыми зерттеу жұмысының қорытындысына сәйкес, мұсылманша, яғни hижри жыл санауы бойынша 1447 жылдың зұлхижжа айының басталуы 18 мамыр болып бекітілді. Арапа күні 26 мамырға сәйкес келеді. Ал 27 мамыр – Құрбан айт мерекесінің бірінші күні. Зұлхижжа айының алғашқы он күнінде барынша ықыласпен ғибадат етіп, көбірек изгі істер мен жақсы амалдар жасауға тырысу керек. Өйткені хадистерде сол уақытта орындалған игі істердің сауабы еселеніп жазылатыны айтылған» деп атап өтті Наурызбай қажы Тағанұлы.

Сондай-ақ Бас мүфти айт күндері «Құрбан айт – ұлық мереке» тақырыбында республикалық деңгейде игі іс-шаралар ұйымдастырылатынын хабарлады. «Облыстық, қалалық және аудандық мешіттердің ауласында киіз үйлер тігіліп, ұлттық спорт түрлерінен арнайы сайыстар ұйымдастырылады. Жер-жерде мәдени-рухани кештер өткізіледі. Осы ретте еліміздегі барша жамағатты ұлттық киімдерімізді киіп, айт мерекесін дәстүрімізге сай ұлттық нақыштармен өткізуге, игі бастамаларымызға белсенді түрде атсалысуға шақырамын» деді ол. Сондай-ақ Құрбан айттың тек діни мереке ғана емес, қоғамдағы бірлік пен татулықты нығайтатын, қайырымдылықты паш ететін рухани мейрам екенін айта келіп, осы орайда еліміздегі барша кәсіпкер азаматтарды Құрбан айтта мал құнын қолдан көтермей, халықтың әлеуметтік жағдайын ескеріп, оңтайлы баға ұсынуға, жұртымыз күнде тұтынатын азық-түлікке мүмкіндігінше жеңілдік жасауға үндеді. Сонымен қатар Наурызбай қажы Тағанұлы еліміздегі барша жамағатты ұлттық киім киіп, айт мерекесін дәстүрімізге сай ұлттық нақыштармен өткізуге, игі бастамаларға белсенді түрде атсалысуға шақырды.

МӘШҺҮР ЖҮСІП МҰРАЛАРЫ ҰЛЫҚТАЛДЫ

ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ ДІНИ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ НАУРЫЗБАЙ ҚАЖЫ ТАҒАНҰЛЫ ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНА ЖҰМЫС САПАРЫМЕН БАРЫП, БІРҚАТАР ІС-ШАРАҒА ҚАТЫСТЫ.



Алдымен Бас мүфти «Мәшһүр Жүсіп және оның рухани мұрасындағы ихсан ілімі» тақырыбында өткен республикалық ғылыми-танымдық конференцияға қатысты.Жиында арнайы баяндама жасаған Наурызбай қажы Тағанұлы: «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы – қазақ халқының діни, рухани, әдеби һәм тарихи санасының қалыптасуына зор үлес қосқан тұлға. Ол өз заманындағы мұсылмандық дүниетанымды қазақтың болмысымен сабақтастыра білді. Оның еңбектерінде Құран аяттары, хадистер, сопылық таным, адамгершілік мәселелері және рухани кемелдену жолдары кеңінен көрініс тапты. Мәшһүр Жүсіптің шығармаларын оқыған адам оның тек ақын, шежіреші ғана емес, терең рухани тәрбие мектебін қалыптастырған ой иесі екенін аңғарады. Ол адамның ішкі дүниесін тазарту, жүректі тәрбиелеу, Аллаға деген махаббатты арттыру секілді мәселелерге айрықша мән берді», – деп атап өтті. Сонымен қатар ҚМДБ Төрағасы Мәшһүр Жүсіптің халықты білім мен иманға шақырып қана қоймай, айтқан сөзіне амал-әрекет жасағанын да алға тартты. «Мәшһүр Жүсіп еңбектерінде адамның өзін-өзі тәрбиелеуі басты тақырыптардың біріне айналды. Ғұлама «Адамның тазалығы жүрегінің тазалығында» деген мазмұндағы ойларды дәріптеді. Бұл – ихсан ілімінің негізгі ұстанымдарының бірі. Ол дінді тек рәсім немесе сыртқы ғибадат ретінде қарастырмаған. Керісінше, адамның мінез-құлқы мен қоғам алдындағы жауапкершілігін бірінші орынға қойған. Мәшһүр Жүсіптің пікірінше, жүректе мейірім болмаса, адамда ұят пен ар болмаса, халыққа қызмет ету ниеті болмаса, онда діни білімнің толық пайдасы болмайды. Бұл – бүгінгі қоғам үшін де аса маңызды насихат», – деп атап өтті Наурызбай қажы Тағанұлы. Сондай-ақ конференция жұмысына мәшһүртанушы, филология ғылымдарының докторы Айтмұхамед Тұрышев, ғылым кандидаты, профессор Айман Зейнулина, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Сейфитден Сүтжанов, PhD доктор Берік Айтбайұлы, ҚМДБ Уағыз-насихат бөлімінің меңгерушісі Батыржан Мансұров қатысып, баяндама жасады.

Павлодар облысына барған сапарында Бас мүфти «Әбу Бәкір Сыддық» медресе-колледжінің жаңа ғимаратымен танысты. Медресе колледж директоры Нұрсұлтан Қуатұлы Бас мүфтиге жаңа ғимараттағы кітапхана, дәрісхана, компьютер мен акт залын таныстырды. Сонымен қатар студенттердің жан-жақты білім алуына барлық жағдай жасалғанын атап өтті. Жаңа ғимаратты аралаған Бас мүфти сапалы діни кадр даярлау үшін барынша сапалы білім беру қажеттігін жеткізді. Ол үшін Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы қажетті іс-шараларды жүзеге асырып келе жатқанын жеткізді. ҚМДБ Төрағасы одан кейін «Әбу Бәкір Сыддық» медресе-колледжінің шәкірттеріне «Ихсан – рухани тәрбие негізі» тақырыбында дәріс оқып, оларды білім алуда ыждағат танытуға шақырды. Сонымен қатар әрбір изгі амалды ихсан дәрежесінде, яғни тиянақты әрі көркем түрде орындауға үндеді. «Қазір білім мен ғылымның заманы. Сондықтан біздің шәкірттеріміз медреседен терең білім алып, халыққа қызмет етулері керек. Хәкім Абай «Адамға хәлінше ихсанды болмақ – қарыз іс. Барлық өзгелердің ихсанына сүйенбек дұрыс емес» деген. Яғни адамдарға жақсылық жасау адамның міндеті, бірақ өзгелердің өзіне жақсылық жасауын күтіп, еңбек етпей, біреуге масыл болып өмір сүру дұрыс іс еместігін айтқан. Сол үшін біліміміз бен қайратымызға сүйеніп, адал өмір сүруіміз тиіс» деді Бас мүфти.

Сондай-ақ ҚМДБ Төрағасы Мәшһүр Жүсіп атындағы облыстық Орталық мешітте «Мүлікті уақып етудің сауабы» тақырыбында уағыз-насихат айтты. «Мұсылманның қоғамға пайда келтіріп, зор сауапқа кенелуіне ықпал ететін қайырымдылықтың бірі – уақып. Дінімізде жеке адам немесе бір отбасының қоғамға, халыққа тұрақты түрде пайдалы болатын мүлік немесе қаражатты қайыр-садақа ретінде беруі уақып деп аталады. Алла Тағала қасиетті Құранның «Әли Имран» сүресінің 92-аятында: **«Сүйген нәрселеріңді (Алла жолында) жұмсамайынша, игілікке қол жеткізе алмайсыңдар»,** – деп айтқан. Мысалы бір адам уақып ретінде медресе, мектеп немесе университет салып берді делік. Ол жерде қанша бала тәлім алса, соның сауабын алады. Одан кейін ол оқыған шәкірттер білімі арқылы қоғамға қаншалықты пайда тигізсе, соған себепші болып, дүниесін уақып ретінде арнаған адамға сауап болады» деді Наурызбай қажы Тағанұлы.

Сонымен қатар ҚМДБ Төрағасы Павлодар облысына барған сапарында «Зекет және қайырымдылық» қорының «Ел үлесі – пәтерге» қайырымдылық жобасы аясында асыраушысынан айырылған, мүгедектігі бар Даниал Нұралыұлына 911-баспананың кілтін табыстады. Сонымен қатар Бас мүфти Мәшһүр Жүсіп атындағы облыстық Орталық мешіт жанындағы «Дәстүр және отбасы» бөлмесінің ашылуы мен «Әбу Бәкір Сыддық» медресе колледжінің ауласына ағаш егу іс-шарасына қатысты.

4 000 ОТАНДАСЫМЫЗ ҚАЖЫЛЫҚҚА БАРДЫ

Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы Астанадағы халықаралық әуежайдан қажыларымыздың кезекті легін қасиетті мекенге шығарып салды. ҚМДБ Төрағасы қажылармен жүздесіп, бесінші парыздың Исламдағы орны мен маңызына тоқталды.

«Шамасы жеткен әрбір мұсылманға өмірінде бір рет қажылық жасау – парыз. Қажылықтың парыз екендігі жайында Құран мен сүннетте анық айтылған. Алла Тағала Құранда: **«Алланың үйін зиярат етуге шамасы келетін әрбір адам үшін қажылыққа бару – оның мойнындағы Алланың ақысы»,** – деді («Әли Имран» сүресі, 97-аят). Аллаға шүкір, елімізде қажылық парызын өтеушілердің саны жыл сайын артып келеді. Бұл – қазақ халқының Алланың хақ дініне деген құрметі мен ыстық ықыласының дәлелі» деді Наурызбай қажы Тағанұлы.

Айта кетейік, биыл 4000 отандасымыз қажылық парызын өтейді. Оларға лицензиясы бар 14 қажылық компаниясы қызмет көрсетеді. ҚМДБ жанынан құрылған Қазақстан Қажылық миссиясы ұйымдастыру-үйлестіру, алғашқы медициналық көмек, уағыз-насихат, пәтуа беру және ақпарат тарату сынды бес бағытта қажыларға қызмет көрсетеді.

ҚҰРБАН ШАЛАТЫН ОРЫНДАР БЕЛГІЛЕНДІ

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы еліміздің бірқатар өңірінде құрбан шалу рәсімін өткізетін арнайы орындарды белгіледі.

Құрбан шалу рәсімі Астана қаласында «Жайлау», «Баракат», «Шанхай», «Шопан ата» мал базарларында, Алматы қаласында «Жұлдыз» мал базарында, ал Шымкент қаласындағы құрбан шалатын орын ретінде «Бозар» елді мекеніндегі «Халал қасапханасы» белгіленді.

Сонымен қатар Абай облысында Семей қаласының Космонавт 1 мекенжайындағы Семей-Алматы трассасы 7/1 орыны, Ақмола облысы бойынша «Бижан ет өңдеу» мал базарында, Ақтөбе қаласында «Айбек», «Дала ел», «Қайрат 2024» мал сою алаңдарында, Алматы облысында Қонаев қаласындағы «Қарлығаш» базарында, Атырау облысында Орталық мешіт аумағында, Батыс Қазақстан облысында «Ел ырысы», «Батыс Адал ет», «Кублей» қасапханаларында, Жамбыл облысында Тараз қаласындағы «Байданов», «Рамазан» базарларында, Жетісу облысында 3-бөлімшеде, Қарағанды облысында Резник 18, Гоголь 2/23 және Сейфуллин 53 мекенжайларындағы мал сою орындарында, Қостанай облысында «Амиго» мал базарында, Қызылорда облысында «KZO ET» мал сою алаңында, Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласында Өндірістік аймақ 3, 29А құрылыс жайларында, Павлодар облысында «Құлагер» ипподромында, Солтүстік Қазақстан облысында Жұмысшы кентіндегі мал базарында, Түркістан облысында Облыстық орталық мешіт аумағында, Ұлытау облысы бойынша Жезқазған қаласындағы «Құлжанов», «Рыбачий» мал базарларында, Шығыс Қазақстан облысы бойынша Өскемен өңіріндегі «Атығай асуы» құрбан шалу орнында өтеді. Сонымен қатар Діни басқарма құрбан шалу рәсімін қашықтан (онлайн) өткізуге арналған qurban.muftyat.kz платформасын іске қосқанын да айта кетейік.

ҚАСАПШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН СЕМИНАР

Құрбан айт қарсаңында «Халал Даму» мекемесінің ұйымдастыруымен «Қасапшылық – сауапты әрі жауапты қызмет» тақырыбында онлайн және офлайн форматтағы семинар өтті.

Семинарға Бас мүфтидің кеңесшісі Смайыл Сүйеркұлұлы, «Халал Даму» директоры Айбек Аташев, Шариғат және пәтуа бөлімінің маманы Медет Құрмашұлы, жергілікті инспекциялық бақылаушылар, сондай-ақ өңірдегі жауапты өкілдер мен қасапшылар қатысты.

Жиында Құрбан айт кезінде құрбан шалу рәсімін шариғат талаптарына сай орындаудың маңыздылығы кеңінен түсіндірілді. Сонымен қатар мал сою барысында сақталуы тиіс пышақты малға көрсетпей қайрау, малды сол жамбасымен жатқызып, құбылаға қарату, құрбан шалуға ниет ету, «Бисмиллә, Аллаһу Акбар» деп айту, өңеш, кеңірдек және екі күре тамырын кесу, қан толық ағып, жан тапсырғанша күту секілді негізгі қағидалар мен әдептер айтылды. Семинар соңында Айбек Асқарбекұлы қасапшылардың сауалдарына жауап беріп, Құрбан айт күндеріндегі олардың қызметі аса маңызды екенін атап өтті.

Айта кетейік, қазіргі таңда еліміз бойынша «QMDB HALAL» куәлігіне ие 42 қасапхана мен 431 қасапшы қызмет көрсетуде.

АСТАНАНЫҢ БАС ИМАМЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлының бұйрығымен Нұрбек Есмағанбет Астана қаласының бас имамы болып тағайындалды. Бас мүфти бұйрығын наиб мүфти Сансызбай Шоқанов жамағатқа оқып берді.

Нұрбек Әуесханұлы Алматы қаласындағы Ислам институтын, Нұр-Мүбәрак университетінің магистратурасын тәмамдаған. Еңбек жолын Қарағанды облысы Қарқаралы ауданындағы «Құнанбай қажы» мешітінің бас имамы болып бастады. Кейін Алматы орталық мешітінің наиб имамы, Атырау облысының, Алматы қаласының бас имамы болды. Одан ары Діни басқарманың Дін істері және талдау, Қоғаммен байланыс, Дін мен дәстүр бөлімдерінің меңгерушісі қызметін атқарды.

ЧАЙЛДФРИДІҢ ҮКІМІ ҚАНДАЙ?

ЧАЙЛДФРИ (CHILDFREE) СӨЗІ АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕН АУДАРҒАНДА, «БАЛАСЫЗ ӨМІР» ДЕГЕН МАҒЫНАНЫ БІЛДІРЕДІ. БҰЛ – САНАЛЫ ТҮРДЕ БАЛАЛЫ БОЛУДАН БАС ТАРТУДЫ НАСИХАТТАЙТЫН СУБМӘДЕНИЕТ. ТЕРМИН ЕРГЕ ДЕ, ӘЙЕЛГЕ ДЕ БІРДЕЙ ҚОЛДАНЫЛАДЫ.



Бүгінде чайлдфри идеологиясы әлеуметтік және мәдени тұрғыдан өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Бұл көзқарасты жақтаушылар балаларды жек көрмейді. Алайда олар көбіне бала тәрбиесіне жұмсалатын шығындардан қашуды, қосымша жауапкершілікті мойнына алмауды, жеке еркіндік пен кәсіби дамуды алдыңғы орынға қоюды, сондай-ақ «менің денем – менің құқығым» деген идеологияны негізгі себеп ретінде алға тартады.

Чайлдфри, яғни саналы түрде балалы болудан бас тарту, шариғат тұрғысынан құпталмайды. Бұған төмендегі дәлелдер негіз бола алады:

1. Бұл идеология адам болмысына (фитрасына) қайшы. Үйлену және ұрпақ сүю – табиғи құбылыс. Алла Тағала қасиетті Құранда: **«Адам баласы үшін әйелдерді, балаларды, алтын күмістен жиналған қазыналарды, сәйгүліктерді, малдар және егіндерді құмарта сүю әсем көрсетілген. Бұлар – дүние тіршілігінің қызығы»,** – деп баяндайды («Әли Имран» сүресі, 14-аят).

2. Алла елшісінің сүннетіне де қайшы. Неке қию – Пайғамбардың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сүннеті. Оның негізгі мақсаттарының бірі – адамзат тегінің сақталуы мен ұрпақтың жалғасуы. Пайғамбарымыз: *«Сені жақсы көретін әрі көп бала туатын әйелге үйленіңдер. Өйткені мен Қиямет күні сендердің көптіктеріңмен басқа үмбетке мақтанамын»,* – деген (Әбу Дәуіт, №2050. Нәсәи, №3227).

Исламда балалы болу – ерлі-зайыптыларға ортақ құқық. Сондықтан олардың бірі бала сүюді қаласа, екінші тарап оған тыйым сала алмайды. Тек бала тәрбиесіне дайындалу немесе денсаулықты қалпына келтіру сынды орынды себептермен жүктілікті уақытша кейінге қалдыруға рұқсат етіледі. Мұндай жағдайда ерлі-зайыптылардың өзара келісімі болуы және қолданылатын тәсілдердің денсаулыққа зиян келтірмеуі шарт. Ал тек жауапкершіліктен қашу немесе кедейліктен қорқып жүктіліктен әдейі бас тарту шариғатта құпталмайды. Сондай-ақ ұрпақсыздыққа әкелетін, жүктілікті біржолата болдырмайтын кез келген тәсілдер шариғатта харам болып саналады. Сонымен қатар чайлдфри идеологиясы отбасы институтын әлсіретіп, қоғам мен ұлттың болашағына кері әсерін тигізеді.

Шешім:

1. Чайлдфри идеологиясы Ислам шариғатына, адамның табиғатына және некенің мақсатына қайшы.

2. Жүктілікті болдырмау немесе кейінге қалдыру мәжбүрлі және шариғат талабына қайшы келмейтін жағдайда ғана рұқсат етіледі.

3. Жүктілікті әдейі біржола болдырмайтын кез келген тәсілдерге тыйым салынады.

IJARAH АРҚЫЛЫ МҮЛІК АЛУҒА БОЛА МА?

КЕЛІСІМШАРТҚА ОТЫРҒАН ТАРАПТАРДЫҢ БІРІНІҢ ЕКІНШІСІНЕ БЕЛГІЛІ БІР МЕРЗІМГЕ МҮЛІКТІ АҚЫЛЫ ТҮРДЕ ЖАЛҒА БЕРІП, ЖАЛҒА АЛУШЫ ЖАЛДАУ ТӨЛЕМДЕРІН ТОЛЫҚ ӨТЕГЕННЕН КЕЙІН, МЕРЗІМ СОҢЫНДА МҮЛІКТІ БӨЛЕК КЕЛІСІМ НЕГІЗІНДЕ МЕНШІГІНЕ ӨТКІЗУ МӘМІЛЕСІ IJARAH КЕЛІСІМІ ДЕП АТАЛАДЫ.



Мұндай келісімшарт кезінде мүлік алдымен жалға беріледі. Жалдау төлемі белгіленген мерзімде толық өтелгеннен кейін сауда немесе сыйлық секілді бөлек келісім негізінде жалға алушының меншігіне өтеді. Мұндай қаржы өніміне ұламалар рұқсат берген (Ислам фиқһи академиясы, XX отырысы, №110 (4/12) қарары. Хасан Әли әш-Шәзили, Ислам фиқһи академиясының журналы, 5-отырыс, 4/2647-2648 б). Алайда төмендегі шарттар мен талаптар орындалуы тиіс:

1. Жалға берілетін мүлік жалға беруші тараптың меншігінде болуы шарт;

2. Жалдау уақыты мен бүкіл мерзімге қатысты жалпы ақының мөлшері шарт жасалған сәтте нақты айқындалуы тиіс;

3. Жалдау мен сауда (немесе сыйлық) келісімдері бір-бірінен тәуелсіз, бөлек жасалуы қажет. Себебі бұлар үкімдері әртүрлі екі дербес мәміле саналады (AAOIFI, «Әл-Мәғәиру әш-шәрғия», 253). Ал шариғатта екі келісімді бір келісімнің ішінде біріктіруге тыйым салынады (Термизи, №1231);

4. Жалдау келісімінде тек жалға беруге қатысты ережелер, ал мүлікті меншікке беру кезінде сауда-саттыққа (немесе сыйлыққа) тән қағидалар мен талаптар сақталуы керек. Бұл жайлы Ислам фиқһы академиясының III отырысында «сыйлыққа» қатысты №13 (3/1) қарарында және V отырысының №44 (5/6) қарарында жалға беруші жалдаушыға мүлікті сатып алуға құқық беретіні айтылған;

5. Мүлік иесінің жалдау мерзімі аяқталғаннан соң, мүлікті сату немесе сыйға беру уәдесі орындалуы міндет (AAOIFI, «Әл-Мәғәиру әш-шәрғия», 1190);

6. Уәкілдікке қатысты шариғат талаптары толық сақталуы шарт (AAOIFI, «Әл-Мәғәиру әш-шәрғия», 247).

Шешім:

«Ижара» келісімі негізінде мүлікті иеленуге төмендегі шарттарға сәйкес рұқсат етіледі:

1. Мүлік жалға берушінің меншігінде болуы;

2. Жалдаудың уақыты мен ақысы нақты айқындалуы;

3. Жалдау мен сауда (немесе сыйлық) келісімдері бір-бірінен тәуелсіз, бөлек жасалуы;

4. Жалдау келісімінде тек жалға беруге қатысты ережелер, ал мүлікті меншікке беру кезінде сауда-саттыққа (немесе сыйлыққа) тән қағидалар мен талаптар сақталуы;

5. Жалдау мерзімі аяқталғаннан соң, мүлік иесінің затты сату немесе сыйға беру уәдесі орындалуы;

6. Уәкілдікке қатысты шариғат талаптары толық сақталуы шарт.

Тірі ағзаны жыныссыз жолмен көбейту арқылы оның генетикалық жағынан бірдей көшірмесін алу процесі клондау деп аталады. Бұл әдіс өсімдіктерге, жануарларға, тіпті адамдарға да қолданылуы мүмкін.

КЛОНДАУДЫ ШАРИҒАТ ҚҰПТАЙ МА?



Адамды клондау – бір адамның дене жасушасының ядросын пайдаланып, сол адаммен генетикалық жағынан ұқсас басқа адамды қолдан жасау. Әлемдегі пәтуа кеңестерінің барлығы бірауыздан адамды клондауға қатаң тыйым салған («Истинсаху әл-бәшәр уә әл-әнсужә уә әл-ағдаи», Мысыр пәтуа комитетінің ресми сайты, №20 пәтуа, 2015 ж. Еуропа пәтуа және зерттеу кеңесінің клондауға қатысты №33 (1/10) қарары). Өйткені мұндай әрекет тектің араласуына, адам табиғатының бұзылуына алып келеді. Сондықтан көптеген елдерде адамды клондау заң жүзінде де қылмыс болып есептеледі. Ислам фиқһ академиясының №94, 2/10 қарарында: «Адамды клондаудың барлық түріне (эмбриондық немесе жасушалық клондау әдістеріне) қатаң түрде тыйым салынады», – делінген.

Өсімдіктер мен жануарларды клондауға келсек, Алла Тағала жердегі барлық нәрсені адамзаттың игілігі үшін жаратқан. Құранда: **«Әрі сендерге** (Алла) **көктегілерді де, жердегілерді де түгелдей бағындырды»,** – десе («Жәсия» сүресі, 13-аят), енді бір аятта: **«Жер түзетілгеннен кейін онда бұзақылық жасамаңдар»,** – деді («Ағраф» сүресі, 56-аят). Ғалымдар осы аяттарға сүйене отырып, өсімдіктер мен жануарларды клондауға белгілі шарттармен рұқсат береді. Ислам фиқһ академиясының №94, 2/10 қарарында: «Микроорганизмдер, өсімдіктер мен жануарлар саласында клондау және генетикалық инженерия әдістері (адамзатқа) пайдасы тиіп, зияны болмаса әрі шариғат қағидаларына қайшы келмесе, қолдануға рұқсат етіледі», – делінген.

Шешім:

1. Адамды клондау – харам, оған қатаң тыйым салынады.

2. Жануарлар мен өсімдіктерді клондау адам мен табиғатқа зиян келтірмесе, оған рұқсат етіледі.

БАРИАТРИЯЛЫҚ ХИРУРГИЯҒА РҰҚСАТ БАР МА?

БАРИАТРИЯЛЫҚ ХИРУРГИЯ – СЕМІЗДІКТІ ЕМДЕЙТІН ХИРУРГИЯНЫҢ БІР САЛАСЫ. АРТЫҚ САЛМАҚТАН АРЫЛТАТЫН БАРИАТРИЯ ХИРУРГИЯСЫ ҮШ ТОПҚА БӨЛІНЕДІ.

Біріншісі – асқазан-ішек жолының жоғарғы жағын тарылтып, жейтін тамақтың мөлшерін азайтатын шектеу операциясы (асқазанға құрсауды (бандаж) кигізу, асқазаніші баллоны). Екіншісі – асқазан-ішек жолында ағзалық заттардың сорылуын төмендететін малабсорбты операциялар (өт-ұйқы бездерін тұйықтау). Үшіншісі – екі нұсқауды да қолданатын қиыстыру операциялары (асқазанды тұйықтау).

Қазіргі таңда салмақты түсірудің кең таралған әдістері – асқазанға құрсау (бандаж) кигізу, гастропластика және асқазанды тұйықтау. Асқазанға құрсау кигізу (gastric banding), яғни бандаждау кезде асқазанның жоғарғы бөлігіне сақина салынады (ережеге сәйкес, силиконды). Асқазанды бандаждау науқас үшін ең қауіпсіз әрі жарақатсыз бариатриялық операция саналады. Гастропластика (sleeve gastrectomy) кезінде асқазанның көп жері алынып, ені 1 см-ге жететін жіңішке жең салынады. Мұндай асқазанға өте аз тамақ сияды және еркін өтуге мұрша бермейді. Ал асқазанды тұйықтау (gastric bypass) кезінде асқазан титанды қысқыштармен тігіліп, кішкентай (көлемі 50 мл) және үлкен жақ (қалған асқазан) болып екіге бөлінеді. Кішкентай асқазанға жіңішке ішек тігіледі. Мұндай операциядан кейін адам өте аз тамақ жейді. Сонымен қатар, тамақ кішкентай асқазан жақпен өтетіндіктен ағзалық заттар сіңіріліп үлгермейді. Бұл операция 80 пайыз артық салмақтан арылуға мүмкіндік береді.

Шариғатта адам баласы ауырса немесе денсаулығына зиян келтіретін жағдай орын алса, оны емдеу қажет. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): *«Уа, Алланың құлдары! Емделіңдер, расында Алла әрбір дертті шипасымен қоса жаратты»,* – деген (Әбу Дәуіт, №2015. Термизи, №2038. Ибн Мәжа, №3436). Егер артық салмақты түсіруге спорт және басқа да емдеу тәсілдері нәтиже бермесе, онда шариғат тұрғысынан білікті дәрігер ұсынысымен бариатриялық хирургия арқылы арықтауға рұқсат етіледі («Хукм әмәлияти тәсғири әл-мәидәти», Палестин пәтуа комитетінің ресми сайты, №13291, 2020 ж. Халықаралық Ислам фиқһ академиясының, XVIII отырысы, №173 (11/18) қарары).

Мысырдың бұрынғы мүфтиі Әли Жұма: «Бариатриялық отаны кімге және қашан жасау керектігін дәрігер анықтайды. Себебі бұл операцияның пайдасы да, зияны да бар. Бұл операция түрі Алланың жаратылысын өзгертуге жатпайды. Өйткені шариғатта жаратылысты өзгерту адамның сыртқы дене мүшелеріне қатысты айтылған, ал ішкі ағзалар оған кірмейді», – деген. Алайда арықтау мақсатында жасалатын отаға рұқсат етілуі үшін мынадай төмендегідей шарттар орындалуы тиіс.

1. Аса қажеттіліктің болуы;

2. Операцияның денеге зиян келтірмеуі. Егер операцияны жасау семіздіктен туындайтын зияннан да қауіпті болса, оған тыйым салынады.

3. Науқастың өз келісімінің болуы;

4. Медициналық талаптар мен ережелерге сәйкес жүргізілуі. Яғни науқастың дене салмағы индексі 40-тан жоғары (аса ауыр семіздік) болуы немесе 35-тен жоғары болып, қант диабеті, қан қысымы, буын аурулары сияқты қосымша дерттермен қатар жүруі керек. Науқаста анестезия өміріне қауіп төндіретін созылмалы ауру болмауы тиіс. Сондай-ақ психикалық немесе ақыл-есінің кемістігі бар адам болмауы керек.



5. Отадан басқа жолдың болмауы (Абдулазиз Мухаммад Жәбир, «Иләжу әс-сәмнәти әл-жәрахи: мукәрибәтин тиббиятән фиқһиятән», 45; Шәнқити, «Әхкәму әл-жәрахати әт-тиббия уә әл-әсәру әл-мутәраттибәту әләйһә», 104-120). Ал артық салмақтан арылғаннан кейін пайда болған тері салбырауын медициналық хирургия (тарту немесе артық бөлігін кесу) арқылы қалпына келтіруге рұқсат етіледі. Кесіп алынған теріні жерге көміп тастау керек.

Шешім:

1. Артық салмақ денсаулыққа нақты зиян келтіріп, басқа жолмен емдеу мүмкін болмаса, онда емдік мақсатта бариатриялық хирургия жасауға мынадай шарттар негізінде рұқсат етіледі: аса қажеттіліктің болуы; операцияның денеге зиян келтірмеуі; науқастың өз келісімінің болуы; медициналық талаптарға сәйкес жүргізілуі; арықтаудың басқа жолы болмауы.

2. Артық салмақтан арылғаннан кейін пайда болған терінің салбырауын тарту немесе кесу арқылы қалпына келтіруге рұқсат.

ЖАЛҒА АЛҒАН ЖЕРДІҢ ҰШЫРЫ БЕРІЛЕ МЕ?

ҰШЫР (ОННАН БІРІ) – ЖЕРДЕН ШЫҚҚАН ӨНІМДЕРДЕН БЕРІЛЕТІН ЗЕКЕТ. ЖЕР ӨНІМДЕРІНЕН (ЕГІН ЖӘНЕ ЖЕМІС-ЖИДЕК) ЗЕКЕТ БЕРУ – ПАРЫЗ.



Егін егу мақсатында жерді басқа біреуге берудің екі түрі бар. Біріншісі – белгілі бір ақыға жалға беру (ижәра). Бұл жағдайда жер иесі алдын ала келісілген төлемді алады. Ал шыққан өнімнен ешқандай үлес алмайды. Екіншісі – өнімнен үлес алу шартымен беру (музараға). Мұндай жағдайда жер иесі нақты ақы алмайды. Алынған өнім алдын ала келісілген үлес бойынша жер иесі мен диқан арасында бөлінеді. Осыған қатысты үкімдер төмендегідей қарастырылады:

1. Имам Әбу Ханифаның пікірі бойынша, жалға берілген жердің ұшыры жер иесіне жүктеледі. Ол ұшырды жалдау ақысынан береді. Себебі жер егін арқылы қалай өнім берсе, жалға беру арқылы да экономикалық пайда (нәмә, өсу) әкеледі. Демек жалдау ақысы өнім секілді (жердің табиғи емес, шариғи тұрғыдан мойындалған өсімі сияқты) мақсатқа ие болады. Сондықтан ұшыр жердің иесіне жүктеледі. Ал имам Әбу Юсуф пен имам Мұхаммедтің, сондай-ақ көпшілік ғалымдардың көзқарасы бойынша, ұшырды жалға алушы береді. Өйткені ұшыр жерге емес, одан алынған өнімге байланысты. Ал өнім толықтай жалға алушыға тиесілі, сол үшін ұшырды төлеу соның міндеті болып саналады (Ибн Абидин, «Радду әл-мухтар», 3/276-277. Нәуауи, «Әл-Мәжмуғ», 5/535. Ибн Құддама, «әл-Муғни», 3/30-31. Ибн Рушд, «Бидаяту әл-мужтаһид», 2/8).

2. Егер жалдау ақысы шамадан тыс жоғары болып, жалға алушыға айқын зиян келтірсе, ұшыр жер иесіне жүктеледі. Ибн Абидин: «Егер жалдау ақысы (ұшыр мөлшерінен бірнеше есе жоғары бағамен) толық алынатын болса, пәтуа имамның (Әбу Ханифаның) пікіріне сәйкес беріледі. Ал мұндай жағдай орын алмаса, пәтуа екі имамның (Әбу Юсуф пен Мұхаммедтің) көзқарасына сай беріледі», – деген («Радду әл-мухтар», 3/277-278).

3. Егер жер өнімнен үлес алу шартымен берілсе, ұшырды жер иесі мен диқан өз үлестеріне қарай төлейді. Яғни әрқайсысы өзіне тиесілі өнімнен ұшыр береді («Радду әл-мухтар», 3/278. «Фиқһу әз-зәкәт», 1/348).

4. Егер жер ақысыз түрде (жақсылық жасау, туыстық қарым-қатынасты сақтау секілді мақсатта) берілсе, ұшыр жерді пайдаланушыға жүктеледі. Ал жер иесіне ешқандай міндет артылмайды (Кәмәл инб Һумам, «Фәтху әл-қадир», 2/250. Шафиғи, «әл-Умм», 4/14. Ибн Құддама, «әл-Муғни», 3/30).

Шешім:

1. Жалға берілген жердің ұшырын жалға алушы береді. Алайда жалдау ақысы шамадан тыс жоғары болып, жалға алушыға зиян келтірсе, ұшыр жер иесіне жүктеледі.

2. Өнімнен үлес алу шартымен берілген жердің ұшырын жер иесі мен диқан өзара үлестеріне сәйкес төлейді.

3. Ақысыз берілген жердің ұшырын жерді пайдаланушы береді.

МЕШІТ ІШІНДЕГІ МЕШІТТІ ҚАЗ-ҚАЛПЫНДА ҚАЛДЫРДЫҚ



Ділмұрат ПІРМҰХАММЕДҰЛЫ,
танымал кәсіпкер:

(Басы 1-бетте)

– Мешіт салғаннан оның жерін алып беру сізге оңай болған шығар?

– Әуелде солай ойладым. Сөйтіп аудандағы жауапты қызметкермен кездесіп, жерге шешім шығартып алдым. Бірақ жердің құжаты толық дайын болғанда қала әкімі қол қоятынын ескертті. «Аға, қала әкіміне кіргенде «Мешітті толық салып бітіремін» деп айтыңыз. Әйтпесе қол қоймайды», – деді. Ол кезде Алматы қаласының әкімі марқұм Заманбек Нұрқаділов еді. Бірақ мешітті толық салып беру менің жоспарымда жоқ еді. Тәуекел деп алдына кірдім. Ашулы отыр екен, «Мешітті кім салады?» деді қатулы үнмен. «Мен» дедім. «Шынымен саласың ба?» деп сұрағын қайта шегеледі. Құдай аузыма салған шығар, «Шынымен саламын» дедім. Заманбек Қалабайұлы кейбір жігіттердің мешіт салуға жер сұрап, артынан ол жерге мешіт емес, автотұрақ салғанын айтып, ренішін білдірді. «Заманбек Қалабайұлы, менің тегім – Күзиев. Мен ешқашан ата-тегіме кір келтірген емеспін» дедім қайсарлық танытып. «Біткен соң ашылуына мені шақыратын бол!» деді де, бірден соңғы шешімге қол қойып берді. Құдайдың құдіретімен жер мәселесі бірден шешімін тапты. Арадан біраз күн өтті. Ешқандай қозғалыс жоқ. Мешіттің жері әлі бос тұр. Әкем: «Балам, осы маңайдағы үйдің бәрін аралап шықтым. Бірақ адамдар қозғалмай жатыр. Сен бізге мешіттің жерін қоршап берші. Қалған жұмыстың бір мәнісі болар», – деді. «Мақұл, әке!» деп зауыттан бетон, плита, кран жібердім. Сағат түскі үштің шамасы. Хабар алайыншы деп жердің басына келдім. Сол кездегі көрініс әлі күнге дейін көз алдымнан кетпейді. Әкем және қасындағы 5-6 ақсақал шалбарын тізеге дейін түріп, бірі бетон, бірі ауыр цемент тасып жүр. Қатты жаным ашып кетті. Плитаны қисық-қисық қалап, цемент құйып жатыр. «Құрылыс жұмысы бұлай жасалмайды ғой. Мынау не масқара?!» деп қоям өзімше. Қипақтап қалған қариялар: «Қолымыздан келіп жатқаны осы», – деді. Бірден құбыр зауытындағы 5-6 жұмысшымды алдыртып, техникалық талапқа сай жерді әдемілеп қоршап бердім.



Мешіт іргетасын қалау сәтіндегі дұға жасау рәсімі

– Әрі қарай не болды?

– Әрі қарай тағы кірісуге тура келді. Бір күні әкем келіп: «Балам, мешіттің іргетасы қаланатын орынды қазып берсең. Осы ауылда тұратын бір бай кісі іргетасын тұрғызып беруге уәде берді. Адамдар жұмыстың басталғанын көріп көмектесуге келеді. Тек құрылыс жұмысын бастап кету керек болып тұр», – деді. «Мақұл, әке!» дедім. Ол кезде біздің зауытта экскаватор жоқ. Басқа жерден ақшасын төлеп алдыртып, үш метрге дейін әдемілеп қазып бердім. Арада шамасы екі апта өтті. Жердің басына барсам, әлі сол күйі тұр. «Балам, әлгі бай кісінің жұмыстары жүрмей қалыпты. «Іргетасын қаласаңдар, ары қарай қабырғасын тұрғызып берем» деді. Жағдай қиын болып тұр. Мүмкіндігің келсе, іргетасын құйып берші» деді әкем. «Мақұл, әке!» деп оны да әдемілеп құйып бердім. Одан кейін қабырғасын көтердік, сосын төбесін жаптық. Бір күні ақша бітті. Ішкі жұмыстарына әлі біраз қаражат керек.

– Осы кезде үлкен тәуекелге бел буып, өзіңіздің жеке үй салуға жинаған ақшаңызды Алла разылығы үшін мешітке жұмсап жіберген екенсіз. Сол рас па?

– Иә, рас! Мешіт жұмысы қаражатқа байланысты тоқтап қалды. Күнде үйге келгенде әкемнің қиналып отырғанын көрем де, жаным ауырады. Күндіз-түні бар уайымы – мешітті бітіру. Басқа ешнәрсемен шаруасы жоқ. Адаммен сөйлесуді қойды. «Бір жыл уақыт беріңіз. Ақша жиналған соң ары қарай бітіріп беремін» дедім. Оған келіспеді. Қалай да соңына дейін бітіру керек екенін айтты.

Бір күні ойда жоқта бір акционерлік қоғамнан маған 15 мың доллар дивидент берілді. Оның әңгімесі көп. Тәптіштеп айтпай-ақ қояйын. Ол кезде 15 мың доллар өте көп ақша. Соның 5 мыңын ба, әлде 10 мыңын ба мешітке берсем бе екен деп басым қатып отырды. Бірақ ол ішкі жұмыстың жартысына ғана жетеді. Өзім көпқабатты үйде тұрамын. Жеке үй салуға алып қойған қомақты қаражатым бар еді. Әлгі 15 мың долларды үйдің ақшасына қосып қойдым. Айт болатын түні түс көрдім. Түсімде мазарға асыққан күйде көлікпен жетіппін. Мазар маңайына ақ киім киген көп адам жиналған. Көз алдыма аппақ сәлде көрінді. Сосын жүзінен нұр төгілген, ақ сәлде киген, сақалы аппақ бір ақсақал көрінді. Маған бата беріп, дұға жасау үшін күтіп тұр екен. Мен аздап кешігіп қалыппын. Бір жағы ыңғайсызданып тұрмын. Ақ шапан киген әлгі ақсақал қаншама адамның алдына шығып, қолын көтеріп енді дұға жасайын деп тұрғанда бір жерден әкем атып шығады да: «Мешіт тоқтап қалды! Мешіт тоқтап қалды!» – деп байбалам салып, әп-әдемі сәтті бұзып жібереді екен. Мен оған ашуланып жүрмін. «Мешітті бітіреміз ғой, әке! Әдемі сәтті бұзып жібергеніңіз не?» дедім. Жалма жан маған қарап: «Ақша таптың ба не?» деп сұрақтың астына алды. «Иә, таптым!» дедім. Әкем де, сол жерге жиналған жамағат та қатты қуанып кетті. Әлгі ақ сақалды, ақ сәлделі қария «дұрыс істедің» дегендей күлімсіреп, ниетіме қолдау білдірді. Сөйтіп ол қолын көтеріп, енді дұға жасай бергенде оянып кеттім. Тұрсам үсті-басым су тер. Бұл жәй түс емес екенін аңғардым. Өңім былай тұрсын, түсімде де әкемнің мешітті бітіріп бер деп мазалап жүргені босқа емес деп ойладым.

Инженерден мешітті толық бітіруге қанша қаражат қажет екенін сұрадым. 27 мың доллар болса, ішкі құрылыс жұмыстарын толық аяқтап, ашылу рәсімін жасай беруге болатынын айтты. Ақшамды санасам, тура 27 мың доллар. Акционерлік қоғамнан түскен 15 мың доллар, оған қоса үйге жинаған қаражат 12 мың доллар. Екеуін қосқанда 27 мың доллар. Сөйтіп ауыл адамдарымен мәжіліс өткізіп: «Өзімнің үйім тұра тұрсын. Әуелі Алланың үйі бітсін. Осы ақшаны толық мешітке арнадым», – деп бір пакет долларды алдарына тастадым. 1993 жылы доллар көрмеген адамдардың көзі шарасынан шығып кете жаздады. Үлкендер жағы батасын беріп, ризашылығын білдіріп, шығарып салды.

Қайта салынған «Әли-Мұхаммед» мешітінің жалпы көрінісі

Мойнымнан үлкен жүк түскендей, қос иығымнан қос ауыр тауды қолмен алып тастағандай сезімге бөлендім. Оны сөзбен жеткізу мүмкін емес. Айт күні осындай қуанышты сәтке кенелдік. Құдды түсімдегі оқиға өңімде қайталанғандай болды.

– Бұл қадамыңызды анаңыз қалай қабылдады?

– Үйге келгенде анама осы жағдайды айтып бердім. Аздап уайымдады. «Балам, үйің салынбай қалатын болды ғой. Әйелің саған қатты ренжитін шығар» деді. «Оған өзім түсіндіріп айтамын. Бәрі дұрыс болады. Уайымдамаңыз» дедім. Осы сәтте әкем үйге келді. Ол да уайымдап тұр. Бірден: «Енді өз үйің не болады? Неге олай істедің? Неге асықтың?» – деп сұрақты қарша боратты. «Мешіт құрылысы тоқтап қалғанда қатты уайымдадыңыз. Уайымыңызды жеңілдетейін деп осылай істедім, әке!» дедім. Әкем сөзімді қолдай кетті де: «Дұрыс істедің, балам!» – деді. Анам сөзге араласып, әкеме ренішін білдірді. Сонда әкем әдеттегі салмақты қалпымен: «Сабыр ет! Әлі-ақ көресің. Алла балаңа Алматының ең жақсы жерінен керемет зәулім үй нәсіп етеді. Мешіт салғаны үшін о дүниеде жәннаттан сарай беріп, мерейін үстем етеді», – деді. Анам әкемнің сөзіне тоқтады...

Құдайдың құдіретін айтсаңшы. Сол кездегі Алматы облысының әкімі Серік Үмбетов қазіргі Алматы қаласының жоғарғы бөлігі, таудың етегінде орналасқан Таулы қырат деген жерден, алма бақтың орны болған керемет орыннан жер телімін берді. Ол кезде Таулы қырат Алматы облысына қарайтын. Қазір ол – Алматының ең әсем әрі ең қымбат жері. Мешіт салғаннан кейін жұмысым алға басып, Алла байлықты үйіп-төгіп берді. Таулы қыраттан зәулім үй салдық. Әулетімізбен қоныс тойын жасап, мәз болдық. Бірақ оны әкем көрмей кетті. Бірақ айтқаны айдай келді. Алысты көре білетін дана кісі болды ғой, жарықтық.

– Сонымен мешіт қанша уақытта бітті?

– Алланың жәрдемімен бір жылда бітірдік. Мен ақшалай көмектесіп тұрғаным болмаса, барлық жұмысты әкем ұйымдастырды. Қаншама энергиясын жұмсады. Қаншама уайымды бастан кешті. Кәрілігіне қарамай, құрылыс жұмыстарына араласты. Жастармен жас балаша жұмыс істеді. Бүкіл ықыласы мен махаббатын мешітке арнады. Құдды Құдай оның жүрегін мешітке байлап қойғандай көрінетін. Мүмкін Алла Тағала үлкен қажылықта жүрегіне құлшылық үйін салу туралы ізгі амалды бекіткен шығар. Содан мешіт біткенше тыным таппады. «Осы жұмыс біткен сәтте бір күн бойы мешітті құшақтап жататын шығармын» деп әзілдеп айтып отырушы еді.


Мешіттің ашылуында әкем құрылысқа көмектескен жігіттердің бәріне сый-сияпат үлестіріп берді. Сонда анам: «Керісінше осы ауылдың адамдары саған рақмет айтып, сый-сияпат беруі керек емес пе?» – деп таңданды. Ал әкем болса: «Менің ісім Аллаға аян. Оның сыйын о дүниеге барғанда Өзі береді. Сол маған жеткілікті. Адамдардан мақтау немесе сый күту дұрыс емес. Алла үшін істедің бе, ұмыт!» – деп салмақпен жауап берді.

– Мешітке әкеңіздің атын беруді ұсынғанда оған қатты қарсы болыпты. Осы рас па?

– Ол рас. Ауыл адамдары әкемнің еңбегін ескеріп, мешітке «Пірмұхамед қажы» деген атау беруді ұсынғанда әкем оларды үйден қуып шықты. «Мешіт – Алланың үйі. Атымды шығару үшін мешіт салдырған жоқпын. Мені тірідей өлтіргілерің келмесе, мұндай сөзді ешқашан айтушы болмаңдар» деп батыл шешімін айтты.

– Әкеңіздің қандай қасиетін үлгі тұтасыз?

– Ол әрқашан дұға жасайтын. Өмірбақи намаз оқығанда оразаның үшінші күні дүниеден өтсем деп дұға жасайтын.



Мешіттің ішкі көрінісі

Бір күні есейген шағымда: «Неге оразаның үшінші күнін сұрайсыз? Неге бірінші немесе отызыншы күні емес?» дедім. Күліп жіберді де: «Е, балам! Рамазанның бірінші күні Алланың сүйікті құлдары жәннатқа кіреді екен. Екінші күні Алланың жолында құрбан болған шейіттер кіреді екен. Үшінші күні кірсем арманым болмас еді», – деді. Осының өзі оның қандай кішіпейіл болғанын аңғартса керек. Оразаның үшінші күні әкем екеуміз өзі салдырған мешітке барып, тарауық намазына қатыстық. Намаздан шыққан соң: «Тағы да тазаланып, дәрет алайыншы», – деді. Содан кейін үйге барғанда тағы да намаз оқыды да, өмірбақи тілеп келген дұғасы бойынша тура оразаның үшінші күні жан тапсырып, Раббысына қайтты. Ол кезде мешіттің біткеніне бір жыл толған.

– Адам жасы қанша ұлғайса да, бәрібір әкенің қолдауына мұқтаж. Өзіңіз де әкеңіздің жасынан асып барасыз. Кейде сағынған сәтте оның қандай өсиет сөздері ойға оралып, жігер сыйлайды? Ерекше рух беретін қандай өнегелі сөздері есте қалды?

– Әкем талай жыл мұғалім болып қызмет етті. Оның көркем тәрбиесі арқылы жақсы істің жақсылығы ешқашан өшпейтінін санаммен әрі өмір тәжірибеммен терең ұғындым. «Өмірде кім болсаң да, қандай жетістікке жетсең де, ең бастысы әрқашан адам болып қал! Адамдар: «Сен кімсің?» – деп сұрамайды. «Кімнің баласысың?» дейді. Сондықтан маған ешқашан жаман ат келтірмеңдер. Ертең ұлқыздарың сағаң да жаман ат келтірмейтін болады. Қолыңнан келсе, әрқашан айналаңа жақсылық жаса. Бірақ жақсылықты ешқашан одан күтпе. Сыйы мен сауабын тек Алладан дәмет. Адамдар сенің жасаған жақсылығыңды тез ұмытып кетуі мүмкін. Бірақ Алла ешқашан ізгі ісіңді ұмытпайды» деп отыратын. Осы сөз маған әрқашан жігер береді.

– Естуімізше, Алматы облысындағы Жаңашар деген ауылға мешіт салып, мектебі мен жолын жөндеп беруіңізге, сонымен қатар үлкен су құбырын тартуыңызға әкеңіз тікелей ықпал еткен көрінеді...

– Бұл жұмыстың тарихы қызық. Бір күні үйге келсем әкемнің көңіл күйі жоқ. «Әке, не боп қалды? Тағы бір жерге мешіт салу керек пе?» деп әзілдедім. Өзінің мінезіне тән жұмсақ үнмен: «Балам, мені мұқият тыңда! Өзің жақсы білесің, мен бірнеше жыл Жаңашар ауылында тұрдым. Аллаға шүкір, азды-көпті ауылдың ауасын жұттым, суын іштім, біраз жақсылығын көрдім. Жаңашарға барып келдім. Жаныма батқан жағдайды өз көзіммен көрдім. Көшенің тоз-тозы шыққан. Мектептің төбесінен су ағып тұр. Ал ауылдағы жерлестерім 3 шақырым жерден су тасып ішеді. Су құбыры жарылып кетіпті. Осы үш мәселенің бірін шамаң келгенде шешіп берсең», – деді. Мен алған жерден: «Мүмкін ауылға бұдан бөлек мешіт салып беру керек шығар», – дедім жүре тындап. «Нәсіп болса, оны да салып берерсің» деп жымиды да қойды. «Мақұл, әке! Бірақ осы үш мәселенің біреуін шешіп берейін» деп уәде бердім. Әкем балаша қуанып кетті.

Қайдан білейік. Көп ұзамай әкей өмірден өтті ғой, жарықтық. Бәріміз шулап қалдық. Жеті күндік асын өткізе сала іниммен Жаңашар ауылына тартып кеттім. Келіскен сәтте ауылдың беткеұстарларымен жиналып, мәселені ақылдастық. Сөйтіп жеті айда ауылға керемет мешіт салып бердік. Әкемнің өсиеті жерде қалмасын деп, ауылға жаңа су құбырын тарттым. Мектепті бастан-аяқ түгел күрделі жөндеуден өткіздім, жолды жөндеп бердім. Халық ерекше риза болды. Ризашылығының белгісі ретінде әкімшілікпен келісіп, ауылдағы ең үлкен көшеге әкемнің атын берігізді. Өзім де қуанып қалдым. Осы кезде әкемнің «Адам өзінің тұрған жерінде жақсы амал, жақсы із қалдырып кетуі керек. Бұл кейінгі ұрпаққа өшпейтін өнеге боп қалады және олар да осындай игі амалды қайталайды. Осылайша сенің жасаған бір амалың ұрпақтан ұрпаққа жалғасып кете береді» деген сөзі есіме түсті.



Пірмұхаммед қажы достарымен



«Әли-Мұхаммед» мешітінің ашылу рәсімі

Тағы бір қызық оқиғаны айтып берейін. Бір күні үйге келсем, әкем мешіт жақта екен. Қасына бардым. Тағы да көңіл күйі жоқ. «Әке, тағы не болды? Мына жерге бір мешіт аздық етіп тұр ма?» дедім қалжыңдап. «Осы мешітке келетін мына жерде жол жоқ. Мына жол өте тар. Оны кеңейту қажет. Мешітке келетін адамға қолайлы жағдай жасауымыз керек, балам!» деді. «Адамдардың жерін, үйін қалай аламын. Ол үшін үйін бұзам ба? Мүмкін сізге үлкен көше салып беретін шығармын» дедім айтып отырған мәселесін құптамағандай сыңай танытып. «Үлкен көшені реті келгенде саларсың. Қазір мына жерге кең жол ашу керек. Соны ойластыршы» деп қысқа қайырды. Сонымен үй-үйді аралап, біреудің жерін, екіншісінің жерін сатып алуға тура келді. Басында тұрғындар сенбеді. Кейін көздері жеткен соң бағаны екі есе көтеріп алды. Әйтеуір біраз адамды аяқ астынан байытып жібердік. Құдай деген бір орыс әйелі мешітке апаратын жол үшін үйінің бағасын аздап түсірді. Онысына да рақмет айттық. Кейін әкемнің айтуымен мешіт қасынан алынған жерге үлкен колледж ғимаратын салдық.


1937 жылдар халқымыз үшін аса қиын сындарлы жылдар болды ғой. Қолында мал-мүлкі бар адамдардың дүниесін бейберекетсіз тартып алып, құғынға ұшыратын кездер өтті. Осынау қиын заманның сынақтары біздің де әулетті айналып өтпеді. Аталарым қыспаққа ұшырады. Ақырында Құлжа жаққа асып кетті. Жағдай тұрақталғанда, яғни 1955 жылы қайтып елге келді. Әкем төрт баламен Қазақстанға қайтып келгенде ешкім көмектесе қоймапты. Иминжан деген досы ғана бір тауық қорасын беріп: «Осыны жөндеп алыңдар да, уақытша тұра беріңдер. Кейін жер алып беруге көмектесемін», – депті. Әкем өмірден өтер алдында: «Мен ертең кетіп қалсам, Иминжанның балаларына қарайласып тұр», – деп, қайта-қайта айта беретін. Сосын бір күні: «Әке, неге ол кісіні айта бересіз? Оның сізге қандай жақсылығы өтіп кетіп еді?» – деп сұрадым. «Е, балам! Адамдар қол ұшын созбай қойғанда Иминжан қолдан келген қамқорлығын жасады. Оның бұл жақсылығын ешқашан ұмытпаймын. Оған да көмектесуіміз керек. Алла Тағала өзгеге қылдай жасаған жақсылықтың қарымтасына тек жақсылық нәсіп етеді. Осыны ұмытпа!» деді. Аллаға шүкір, әкемнің өсиетін әлі күнге дейін орындап келемін.

Әкемнің «Маған ешқашан жаман ат келтірмеңдер. Ертең ұл-қыздарың сағаң да жаман ат келтірмейтін болады» деген сөзіне бір мысал келтірейін. Бір күні балам Дінмұхаммед Қапшағай қаласынан заманауи үлгіде мешіт салу туралы ой айтты. «Балам, ойың жақсы. Алла қабыл етсін! Бірақ атаң Пірмұхаммед салған шағын мешітті кеңейтсек қайтеді. Жамағат қысты күндері намазды далада оқып жатыр. Осы мәселе мені мазалап жүр», – дедім. Ұлым ұсынысымды бірден қабыл алып: «Әке, сіздің айтқаныңыз болсын», – деді. Аллаға шүкір, он айда мешіттің аумағын кеңейтіп, қайта салып шықтық. Баяғы марқұм Пірмұхаммед әкем секілді құрылыс жұмысы біткенше мешіттің басқасында жүрдім. Балам қажетті заттарды жеткізіп, қаржылай көмектесті. Әкемнің қолы тиген ескі мешітті бұзбастан мешіт сыртынан жаңа мешіт тұрғыздым. Мешіттің ішіндегі мешітті қаз-қалпында қалдырдым. Өйткені ол әкемнің көзі еді. Әрине оңай болған жоқ. Бірнеше есе шығын кетті. Бірақ әкемнің көзіндей болған ескі мешітті бұзбадым. Бұл ұрпақ үшін мәңгі өнеге боп қалары хақ. Әкеме көрсеткен құрметім балаларымнан қайтып жатқанда оның: «Маған ешқашан жаман ат келтірмеңдер. Ертең ұл-қыздарың сағаң да жаман ат келтірмейтін болады», – деген сөзі санамда жаңғыра түсті.

Сұхбаттасқан
Ағабек ҚОНАРБАЙҰЛЫ

(Басы 1-бетте)

Ресейдің қазақ жерін толық отарлауы аяқталғаннан кейінгі озбырлық әрекеттердің өз шегінен шығып, ұлт наразылығының тууына ықпал етті. Бұл қазақ зиялы қауымының елінің ертеңгі күніне қобалжуын тудырды, сырттан келген жұқпалы жауыздарға қарсы иммунитет іздеді. Бірақ оны ашық түрде айтуға империялық саясат қалай рұқсат берсін?! Сол себептен де болу керек, ішкі қарсылығын образдап, астарлап, ымишарамен, жұмбақтап жазуға мәжбүр болды. Өз замандастарынан білім-деңгейі жарты ғасыр алға жылжып кеткен, сырға толы, астарлы ойларын түсінуге сол кездегі халықтың қауқары жетпеді. Бұдан Мағжанның символизмінің құдіреттілігін сезуге болады. Ұлттың ұйықтап қалған өлі денесіне қан жүгіртуге мәжбүр болған ақынның небір алпыс екі тамырынды идіртер жұмбақ сырлары делебеңді қоздырып, намысыңды оятып, ойыңа от береді. Кешегі кеңестік дәуір қанша жерден тұншықтырғысы келсе де, кеудесін ыза, намыс дерті басқан ақынның небір қитұрқы саясаттың айла-шарғысына амал таба біліп, ел жұртын шынайы кешегісімен табыстыруға жұмбақ сырлары көп көмегін тигізді. Сондай жұмбақ сырға толы Мағжанның «Өтірік ертек» поэмасын оқымау, оны талдамау бізге сын. Мақаламызда поэманың жасырар жұмбағын шешуге өзімізше тырысып көрдік.



Мағжанның ЖАСЫРҒАН жұмбағы

«Өтірік ертек» поэмасы мысалға ұқсатып, символикалық тәсілмен жазылған. Поэманың әрбір жолы жұмбақ жасыратындай. Поэманың негізгі желісі мысықтар мен тышқандар арасындағы күрес түрінде жүріп өтеді. Поэманың басталуы ақынның ортаға жұмбақ тастауынан басталады. Жұмбағынан кейін Шираз атты қаланың кереметтігін суреттеп, сол қаладағы мысықтар мен тышқандардың сүріп келе жатқан өмірін суреттейді. Қалың тышқанның ханы шайтан суға масаттанып, мысық деген ата жауына қалың елін қанатып, тонатып отырғанын ақын ұтымды жеткізеді. Ұтымды жеткізу үшін шығарманың пердесін жұмбақпен ашады. Ол жұмбағы:

«Бір дегенім – білеу ғой,
Екі десем – егеу ғой,
Үш дегенім – үскі ғой,
Төрт дегенім – төсек қой,
Бес дегенім – бесік қой,
Алтыны – асық десіп қой,
Жетім – желке емес пе,
Сегізім – серке емес пе,
Тоғызым – торқа болмай ма?
Он дегенім – оймақ қой,
Он бір – қара жұмбақ қой,
Жұмбағым, балалар, ұнай ма?»

Бәлкім Мағжанның осы жұмбағын былай шешіп көрсек қалай болар екен? Тышқандар – қалың қазақ, тышқандардың ханы – қазақты басқарып отырған билік иесі. Мысық – шолақ белсенділер, солақай саясат, отарлаушылар.

Ал енді он бір қара жұбақты шешуді бастайық.

«Бір дегенім – білеу ғой». Білеу – шалғы, орақ, қайрақ. Жуан, жұмырды да білеу дейді. Мықты, басты, негізгі деген де мағынасы бар. Сонымен қатар тілімізде «білеуле» деген етістік кездеседі. Ол етістіктің мағынасы мығымдап ұстау, бекемдеп ұстау дегенді білдіреді. Бір деп білеуді алып отырғандағы ойы – билік иесі. Осы кезде ойымызға Абайдың «Единица болмаса, не болады өңкей нөл?» деген өлең жолдары есімізге түседі. Сол единицаның, яғни басшының өзінің нададығынан өңкей тышқанның халі не болмақ деген ой тастайды. Тікелей айтқанда тышқанды қалың қазақ деп алсақ, сол қалың қазақты басқарушының озбырлығы ақынның намысын қоздырады. Білеуді шалғы, орақ ретінде беріп, қазақты орып, жуандығымен тісін батырып отырғанын білдіреді.

«Екі десем – егеу ғой». Егеу – «еге» етістігінің қимыл атауы. Егеумен жонады, өткірлейді, тегістейді, жөндейді. Екімізді егеу деп беруі мысықтың бейнесін береді. Мысықтың халықты тонап, егеп, жонып отырғанын көрсетеді. Тышқандарды жеп, олардың қанын сорып отыруы қазақ халқын білеудей ханмен қосылып алып егеп отырғанын көрсетеді.

«Үш дегенім – үскі ғой». Үскі негізінен ағашты тесетін біз деген мағынаны береді. Түбірі үскіден болған үскідей деген сын есімі де бар. Яғни тура деген мағынада, үскіні ақынның тікелей өзімен салыстырсақ болады. Қазақ тілінде «жүрегіме үскідей қадалды» деген тіркес бар. Осы тіркестің өзі үскі сөзінің мағынасын ашып бере алады. Ақынның «жүрегіне үскідей қадалатыны» – білеу мен егеудің (хан мен мысықтың) іс-әрекеті. Ақын бізге «Мынау хан мен мысықтың бізді қанап, тонап, жонып отырғанының бәрі жүрегіме үскі боп қадалып жатыр» деп айтып жатқандай.

«Төрт дегенім – төсек қой». Ақынның төртті төсек деуі бекер емес. Төсегіңде жатқаның жарамас, ұйқыңнан оян да, сілкін дегенге саяды. Ары қарай бесікті береді.

«Бес дегенім – бесік қой». Қазақ халқында бесік деген ұғым өте киелі саналады. «Ел іші – алтын бесік» тіркесінің өзі туған жерді, туған елді, атажұртты, атақонысты еске түсіреді. Яғни бұл жерде ақын нағыз бесікті алып тұрған жоқ. «Төсегіңде жату жарамас, одан да төсектен тұрып, бесігіңді қорға» деп елді қорғау керек екенін көрсетіп тұр.

«Алтыны – асық десіп қой». Асық – асығайық. Бестің жалғасы ретінде төсектен тұрып бесігіңді (атамекенді) сақтап қалуға асық, асығайық дегенге саяды.

«Жетім – желке емес пе?». «Жегенің желім, ішкенің ірің» болады деген қазақ ұғымында қарғыс мәнді сөз кездеседі, «ау, қазағым-ау, асықпасаң көргенің қорлық, өмірің өксумен өтеді» деген ой тастайды. Алтыдағыдай асықпасақ не боларын көрсетеді. Яғни ішкен-жегенің желкеңнен шығатынын білдіреді. Жегеніміз желкемізден шықпас үшін сегізде шығар жолды көрсетеді.

«Сегізім – серке емес пе?». Қазақта «қой бастаған серкедей» деген дана сөз бар. Ал қой – адалдық, жуастық белгісі. Қазақ – көп жағдайда «қойдан жуас» қалпын сақтауды мақұл көрген қауым. Момын бұқараны ақыл-ойы сергек серкелер бастаған. Қойды теке бастамайды, олар лақ-шібішті қызықтап жүргенде отар қойдың апатқа ұшырауы сөзсіз. Отарды серке бастайды. Шығар жолымыз жегенімізді желкеден шығармас үшін, ханды орнынан түсіріп, оған серкені сайлайық дегенге саяды. Содан болу керек ақын надан ханның орнына қалың жұртқа «қой бастаған серкелерді» іздейді. Жегеніміз желім, ішкеніміз ірің болмас үшін нағыз серкелерді тағайындауымыз керек. Сегізіміз серке болса, тоғызымыз не болатынын да көрсетеді. Яғни халықты хан-серкелер бастаса, тоғызымыз орындалады. Ал тоғызымызды сіз не деп ойлайсыз?

«Тоғызым – торқа болмай ма?». Торқа сөзіне неше түрлі анықтамалар берілген. Бірде жібек мата, бірде жұмсақ, жанға жайлы ұғымдарды береді.

«Сегізім – серке емес пе? Тоғызым – торқа болмай ма?» деген сұрақтың қойылуының өзінде астарында неше мән жатыр. Сегізіңді серке қылсаң ғана, тоғызым торқа болмай ма? Сондықтан да серкеміз сегіз болса, тоғызымыз жанға жайлы болады. Қазақта «торқалы той, топырақты өлім» деген тіркес бар. Бір қуаныш, бір қайғы болса да, ағайынның атсалысып, рулы ел болып, баталасып, сол қуаныш-қайғыны бірге атқару салты. Яғни серкеміз таққа отырса, барлық ел бірігіп, рулы ел болып, қандай жағдай болса да, бір-біріне жаны ашитынын көрсетеді. Серкеміз келсе, сонда бізге торқа, яғни жанға жайлы болады, сонда ғана тыныш заман орнамақ деген ой тастайды.

> *«Өтірік ертек» поэмасы мысалға ұқсатып, символикалық тәсілмен жазылған. Поэманың әрбір жолы жұмбақ жасыратындай. Поэманың негізгі желісі мысықтар мен тышқандар арасындағы күрес түрінде жүріп өтеді. Поэманың басталуы ақынның ортаға жұмбақ тастауынан басталады. Жұмбағынан кейін Шираз атты қаланың кереметтігін суреттеп, сол қаладағы мысықтар мен тышқандардың сүріп келе жатқан өмірін суреттейді.*

Қазақта «торқалы той, тұмар жүйрік» деген жақсы сөз кездеседі. Ұлан-асыр той дегенді білдіреді. Тағы да қайталап айтамыз, сегізіміз серке болса тоғызымыз торқа болады. Халыққа жанашыр болар хан келсе ғана, басымыздан азапты күндер өтіп, жегеніміз желім, ішкеніміз ірің болмай-ақ, жанға жайлы кезең болмақ, ұлан-асыр тойымыз сонда ғана болмақ.

«Он дегенім – оймақ қой». Оймақ – іс тіккенде саусаққа ине кірмес үшін, сұқ қолдың, не ортан қолдың басына киетін құрал. Тікелей алсақ, сыртқы төніп келе жатқан жаудан қолды оймақпен инеден қорғағандай біз де өзімізді солай қорғайық. Оймақтай қорғану үшін не істеу керек екенін ақынымыз қара жұмбақ қылып та беріпті.

«Он бір – қара жұмбақ қой». Қара жұмбақтың шешуі ретінде бірлік ұғымын алар едік. Ондағыдай оймақтың қолды инеден қорғау, яғни қазақтың өз жері, елін қорғап қалуы үшін бізге бірлік керек дейді. Жұмбағым, балалар, ұнай ма? Жұмбағының шешімін біз осылай шешіп көрдік.

Поэмада ақынның тұспалдап жеткізер ойлары, арман-мақсаты ашық түрде жеткізілмегенімен, кеудесінің көкірек көзі ояу адам болатұғын болса, ол ойды ашық түсінер еді. Мысалы:

«Ай, дүние, жалған-ай,
Іште кетті арман-ай,
Не көрмедік мысықтан?
Қанымызды іште ғой,
Баста қайғы күшті ғой,
Өтті-ау өмір, құсып қан!..» – деген жолдарда ақынның өзіндік мәні танылады. Тышқанның «мысықтан не көрмедік» деген ойы – ақынның сол кездегі солақай саясатты көрсетуі. Ақын елін сүйді, туған жерінің әрбір пұшпағын жүрегіне жақын тұтты. Қанымызды қымызша сімірген сол кезеңдегі соны саясаттың небір қитұрқылығын жариялағысы да келеді. Солақай саясатты, «Кіші Қазан» төңкерісінің небір адам аузы бармас жауыздығын ашып айта алмағынына күйініп, ішінде арман болып кеткенін білдіреді. Қазан төңкерісі бірнеше жылдар бойғы таптық күрестің нәтижесінде жасалса, Кіші Қазан төңкерісі қолдан жасалған тұжырым болып шықты. Оған Голощекиннің Сталинге жазған хаты дәлел. Сөйтіп Голощекин «Кіші Қазан» бағытына жан бітірді. Бұл әрекеті бүкіл бір халықтың тағдырын тәлкекке салды. Шындығында бұл «Кіші Қазан» бағыты социалистік қоғам орнатудағы төңкерістік қозғалыстың бір бөлігі болса, онда неге ол Ресейдің қарамағындағы басқа республикаларда жүргізілмеді? Зұлматқа ұрындырған осы «Кіші Қазан» бағытының тек Қазақ жерінде ғана жүргізілуі ақынның сай сүйегін сырқыратты.

«Аңдып тұрып тап береді,
Тап бергенде шап береді,
Талайға ол сұм салды ауыз.
Не қылмады қанды ауыз?!
Не қылмады жалмауыз?!
Не қылмады ол жауыз?!» деген жолдарда «Кіші Қазан» төңкерісінің белді авторының жауыздығын жеткізгісі келеді. Елді иесіз, халықты көмусіз қалдыру мақсаты іс жүзінде жүзеге асырылды. «Қалпыңды сақтағын келсе, салтыңды сақта» демекші, қалыпты тіршілік бұзылып, әдет-ғұрпынан, дінінен, әділеттен айырылған қазақ салтын да сақтай алмайтын халге душар болудың аз-ақ алдында қалды. Дінсіздендіру, тілсіздендіру, тексіздендіру жоспарлы түрде жүргізілді. Большевиктік идеологияның ұраны болған «Адамдар ұлттық төлтума ерекшеліктерінен айырылған сайын тату өмір сүреді» деген алдамшы үстем пікірді пайдалану барысында ортақ құндылықтарды бетке ұстап, осылай ұлттық қасиеттерді аяққа басу дағдыға айналды. Аталған жайттардың бәрін ашық айтуға рұқсат етілмегенін, айта қалсаңыз аңдып жүріп шап беретінін, қанды ауызының айдауға ұшыратып жіберетінін көрсетеді.

«Әттең, дүние-ай, не керек,
Көп жаманға кез болып,
Десіп жүр ғой ол жаман!..
Бір көрінсе көзіме,
Көрсетер ем өзіне,
Қалмас еді ол да аман!
Мынау батыр жүрекпен,
Мынау балуан білекпен
Алып ұрып, байлар ем!
Танытар ем әкесін!
Шағар едім шекесін!
Қос құлағын шайнар ем!

Ақынның өзіндік менін танытар қандай отқа толы, намысыңды оятар жалынды жолдар десеңізші?! Әттең, Мағжан сол мысықтың (Голощекиннің) құлағын шайнап кетпесе де, халқының бастан өткергенін тұспалдап болсын бізге жеткізіп кетті. Батыр жүрегімен, балуан тілегімен жерімізде жындай қаптаған жауды құртқысы келеді.

Поэма желісі одан әрі өрби береді. Жоғарыда ханымызды надан хан дедік те, мысықты сыбайласы ретінде көрсеттік. Мысық пен тышқанның небір миға сіңбес іс-әрекеттеріне ашынған тышқандар екеуінің көзін жоюға кеңеседі. Тышқандардың бір-бірімен кеңесінен кейін екеуінің қарасын хан ордасынан айдап шығумен аяқталады. Бұл поэманы «Өтірік ертек» деп атай отырып, ертегіге ұқсатып, сол кезеңдегі халықтың өз-өзіне жаулығын, ынтымақ, бірлік жоқтығын, сырттан төнген қауіптің қатерлілігін сипаттайды. Оқырман қауымына жұмбақтап ой тастайды. Халыққа бірліктің ауадай қажет екендігін түсіндіргісі келеді. Осы жерде хакім Абайдың «Біріңді қазақ бірің дос, көрмесең істің бәрі бос» атты жолдармен келетін өлеңін Мағжан ақынымыз поэмадағы жұмбақпен, астарлап көрсетеді.

Қорыта айтқанда, әдебиет пен тарих – шындық пен қиялдың берік бірікпесі. Поэмада айтылар астарлы ой мен маңызы терең мәселелер кім-кімді болсын бей-жай қалдырмайды. Ұлттың талайлы тарихын, қазақ өмірінің қиын да күрделі кезеңін астарлап сипаттайды. Мұхтар Әуезовтің Мағжан туралы айтқан: «Мағжан – культурасы зор ақын. Сыртқы кестесінің келісімі мен күйшілігіне қарағанда, бұл бір заманның шегінен асқандай. Сезімі жетілмеген қазақ қауымынан ертерек шыққандай», – деген жоғары бағасынан артық қандай мақтау қажет болсын. Жоғарыда келтірген Мағжанның Алаш жұртына деген жұмбағын талдап, шешімін табу бәрімізге асқақ борыш деп білемін.

Айгүл ӨТЕМІС


ЖЕЛІДЕГІ ЖАЗБАЛАР ● ЖЕЛІДЕГІ ЖАЗБАЛАР ● ЖЕЛІДЕГІ ЖАЗБАЛАР

ЖАЗУШЫНЫҢ ӨЗІ ТУРАЛЫ ТУЫНДЫ

БІРНЕШЕ ЖЫЛДАН БЕРІ КІТАП КЛУБЫН ЖҮРГІЗІП КЕЛЕМІН. ӘР АЙ САЙЫН ЖАНЫМЫЗ ҚАЛАҒАН БІР КІТАПТЫ ТАҢДАЙМЫЗ ДА, АЙ СОҢЫНДА КЕЗДЕСІП, ӘДЕМІЛЕП ТҮРЫП ТАЛҚЫЛАЙМЫЗ. ӨТКЕН ЖЫЛЫ ҚАЛИХАН ЫСҚАҚТЫҢ «ҚОҢЫР КҮЗ ЕДІ» КІТАБЫН ТАҢДАДЫҚ.

Кітап қолыма тигенде «Құдай-ау! Шап-шағын екен ғой» деп қомсынып қалғаным рас. Ал кітапқа кіріскенде... дүниені ұмыттым. Мөп-мөлдір шығарма, нәп-нәзік әлем, таңғы шықтай таптаза сезімдер. Жетім бала Қасымның ауыр тағдыры... «Не жұмыс істеп жарытарсың? Одан да оқышы» деген ағайынының бір ауыз сөзімен оқу іздеп интернатқа орналасуы. Соғыстан кейінгі ауыр жылдар. Өзі тағдырлас балалармен бір нанды бөліп жеп, бір төсекте тебісіп жатқан күндер.

Ол да бір күз еді. Жаңбырлы күз. Суық күз. Сұр күз. «Сұр күз» дегенді біз айтып отырмыз. Автор ол сөзге жоламайды. Жазушы «қоңыр күз» дейді. Сол күз сондай ауыр, жайсыздау болса да, «қоңыр күз» атапты. Себебі қазақтың қолданысында «қоңыр» ұғымы жыпжылы. Қазақ «қоңыр тіршілік», «қоңыр үй», «қоңыр дауыс» дейді. Қазақтың қоңырының бәрі әдемі. Мынау да сол секілді «қоңыр күз». Кейіпкерінің алғашқы махаббаты оянып, қызға ғашық болған күзі.



Алтын Қасымның парталасы ғана болған жоқ, дос-құрбысына да айналды. Салған әні қандай еді, шіркіннің! Жарықжұлдыз екеуі тамсана тыңдайтын. Сөйтіп жүргенде мектепке Алматыдан институт бітіріп, әдебиет пәнінен жаңа мұғалім Алматай келді. Бәрі осы кезде басталды. Жазушы Алматайдың жұмбақ образын әдемі суреттейді. «Олпы-солпы, сылбыр денеде жылтыраған жалғыз от – көзі ғана». Сол түсініксіз жігіттің Қасымға тығып, «Шұғаның белгісін» беруі ше?

Әлі ақтаңдақтарымыз ақталмаған заман. Жазушы Қалихан Ысқақ Бейімбет Майлиннің атын атамаса да, «Шұғасын» жазып отыр. Сол «Шұға» кішкентай Қасымға әдебиет дегеннің қандай болатынын көрсетті. Солай жазсам деп армандатты. Алматыға барып, «Шұғаны» жазған жазушыны көрсем ғой деп жүрді. Арманшыл бала Қасым автордың өзі еді ғой.

Кейін Алматыға оқуға келген Қалихан Ысқақ Бейімбет Майлиннің атылып кеткенін естігенде, енді «Шұғаның» авторын көрмейтінін түсінгенде, «Қоңыр күз еді» повесін бір-ақ түнде жазып шығыпты. Жүрегінде талай жыл аялаған сағынышы, сөйтіп повесть боп лықсып, қағаз бетіне төгіліп түсіпті.

Ал Алматай... Сол бір жұмбақ Алматай... Осы бір туындының ерекше кейіпкері. Алматайдың өз шәкірті Алтынға ғашық боп, соңында алып қашуы. Клуб қыздары кітапты талдау барысында Қасым мен Алтынның махаббатын айтып отырса, маған Алматайдың образы сондай жылы ұшырады.

Қыздар соңында Алтынды Жарықжұлдызға қимай жатса, мен оп-оңай қия салдым. Тіпті Қасымнан гөрі Алтынға сол Жарықжұлдызды лайық көрдім. Өйткені маған бұл кейіпкер Оралханның Тортайы сияқты елестейді. Арманы асқақ, білімге құштар жас бозбала ауылда қалып қойды. Қасым қалаға кетті, арманына жетті. Енді оған ең болмаса, Алтын бұйырсын!

Несін айтайық, бұл бір жүрегімізге жылу құйған шығарма болды. Соңында әрбіріміз өзімізге қатты әсер еткен, есімізде ерекше қалған күзіміз туралы әңгімеледік. Ал сіз ше? Қалихан Ысқақтың «Қоңыр күз еді» кітабын оқыдыңыз ба? Сіздің де жүрегіңізде аялап жүрген ерекше күзіңіз бар шығар?!

Марфуға ШАПИЯН

«ШОРА-И ИСЛАМ» ДЕГЕН НЕ?

АҚПАН ТӨҢКЕРІСІНЕН КЕЙІН РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНДАҒЫ МҰСЫЛМАН ХАЛЫҚТАРЫ ӨЗДЕРІНІҢ ДІНИ, САЯСИ, МӘДЕНИ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ҮШІН ТҮРЛІ ҰЙЫМДАР ҚҰРҒАНЫ БЕЛГІЛІ. СОНЫҢ БІРІ «ШОРА-И ИСЛАМ» ҰЙЫМЫ ЕДІ. АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫНА ҚАТЫСЫ ДЕРЕКТЕРДЕ ОСЫ ҰЙЫМНЫҢ АТЫ ЖИІ АТАЛАДЫ. МҰСЫЛМАН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ МҮДДЕСІН ҚОРҒАУ, ДІНИ ЕРКІНДІКТІ САҚТАУ, МҰСЫЛМАН ЖҰРТЫНЫҢ САЯСИ БІРЛІГІН КҮШЕЙТУ СЕКІЛДІ МАҚСАТТАРДЫ АЛДЫНА МІНДЕТ ЕТКЕН «ШОРА-И ИСЛАМ» ҰЙЫМЫНА ДЕГЕН АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ КӨЗҚАРАСЫ ҚАНДАЙ ЕДІ? ЖАЛПЫ БҰЛ ҰЙЫМ ҚАНДАЙ ҚЫЗМЕТ АТҚАРДЫ? МАҚАЛАДА ОСЫ ТАҚЫРЫПТЫ ТАРҚАТЫП ЖАЗУҒА ТЫРЫСТЫҚ.





1917 жылғы 1-11 мамыр аралығында Мәскеуде Бүкілресейлік мұсылмандар сиезі өтті. Құрылтайға Ақмола облысынан Әбубәкір Дауылбаев, Хасен Қожанбердин, Байсейіт Әділов, Олжабай Нұралин, Әділжариев, Әділқайыров, Құрманғали Қосшығұлов, Орал облысынан Халел Досмұхамедов, Жаһанша Досмұхамедов, Ғұбайдолла Әлібеков, Сабаханов, Андабаев, Байшүренов, Хасан Нұрмұхамедов, Хамидолла Тәржіманов, Қажығали Мәулімбердиев, Қайырша Ахметжанұлы, Торғай облысынан Ораз Тәтиев, Сұлтанғазы Ысқақов және Мәскеуде оқып жүрген Аққағаз Досжанқызы, сонымен қатар Ғұмар Қараш, Шафхат Бекмұхамедов, Уәлитхан Танашев, Бақытжан Қаратаев қатысты.

Осы құрылтайда Орынбор мүфтилігі таратылып, орнына Уфа дін басқармасы құрылды. Сиезде сондай-ақ Бүкілресейлік мұсылман кеңесі құрылды. «Қазақ» газеті бұл кеңесті «Шора-и Ислам» деп атады. Кеңес орталығы болып Петроград қаласы (қазіргі Петербор) таңдалды. Кеңес мүшелігіне 30 адам қабылданды. Ішкі Ресей және Сібір мұсылмандарынан – 10, Түркістан, Бұхара, Хиуадан – 7, Қазақ өлкелерінен – 5 , Қырымнан – 2, Кавказдан 5 адам кеңес мүшесі болып сайланды. Кеңеске Қазақжерінен Жаһанша Досмұхамедұлы, Уәлитхан Танашев, Құрманғали Қосшығұлов, Құлмұхамед Оразаев және Аққағаз Досжанқызы сайланды. Тағы екі қазақ – Көлбай Төгісов пен Ыбырайым Жайнақов Түркістан өлкесінен қабылданды.

Сиезде сонымен қатар 12 адамнан тұратын Шора-и Ислам кеңесінің Атқару комитеті (Милли шуро) құрылды. Комитет төрағасы болып Ахмет Цаликов сайланды. Атқару комитеті құрамына қазақтан Жаһанша Досмұхамедұлы мен Уәлитхан Танашев енді. Тарихшы Мәмбет Қойгелдиев Шора-и Ислам кеңесі жайында: *«Бұл, белгілі дәрежеде, Бүкілресейлік мұсылман халықтарының қоғамдық-саяси істерін бір орталықтан басқаруға ұмтылушылықтың көрінісі болатын»,* – деген еді. Кеңеске мұсылмандардың саяси және мәдени өміріне басшылық ету, Құрылтай жиылысына мұсылман өкілдерін қатыстыру және Екінші Бүкілресейлік мұсылмандар сиезін өткізу, т.б. міндеттер жүктелді. Алайда, тарихшы Мәмбет Қойгелдиев жазғандай, *«бұл жағдай қазақ демократиялық зиялылары мен мұсылмандық қозғалыс аражігінің ашылуына түрткі болды»*. Алаш зиялылары Шора-и Ислам сайлауының дұрыс өтпегеніне наразылық танытты. Сөйтіп Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы бастаған 9 адам «Қазақ» газеті арқылы арнаулы мәлімдеме жасады. Олар газет арқылы: *«...Бұл сиезде де, мұнан басқа да жұрт жұмысын қарайтын орындарда да уәкілдер әр ұлттан, әр таптан санына қарай болуға тиіс. Бірақ Мәскеу сиезінде қазақ халқының саны барлық Ресей мұсылмандарының 3-4-тен бірі бола тұрып, қазақ уәкілдері 20-30-дан артпағаны мағлұм болды. Барлық уәкілдер 800-900 болыпты. Аздан аз, көптен көп болғанда, қазақ уәкілдері 200-ден артық болуға тиіс еді. Бұлай болмады. Оның себебі – қазақ жерлерінің шалғайлығы һәм қазақ жерінде теміржолдың жоқтығынан жүріп-тұрудың қиындығы»,* – дей келіп, сиезде Шора-и Исламның қаулысын ғана жасап, кеңеске сайлайтын мүшелерді әр халықтың өзіне қалдыруы керек еді дегенді айтты. *«...Халық уәкілдерін жібергенде «Шора-и Исламға» деп емес, сиезге деп жіберген жоқ па? Сиезге лайықтаған адамдарынан «Шора-и Исламға» қолайлайтын адамдары тіпті басқа болуы ықтимал. Міне, сондықтан сиезге барған адамдардың сиезден сайлануы негізінде дұрыс емес дейміз»* деп (№233, 1917), кеңес мүшелігіне сайланған қазақ өкілдерді халық тарапынан сайланған мүшелер деп танымайтынын жеткізді. Сөйтіп Бірінші жалпы қазақ сиезінде Шора-и Исламның қазақ мүшелері қайта сайланды.

> *Сиезде сонымен қатар 12 адамнан тұратын Шора-и Ислам кеңесінің Атқару комитеті (Милли шуро) құрылды. Комитет төрағасы болып Ахмет Цаликов сайланды. Атқару комитеті құрамына қазақтан Жаһанша Досмұхамедұлы мен Уәлитхан Танашев енді.*

1917 жылғы 21-26 шілде аралығында Халел Досмұхамедұлының төрағалығымен Орынбор қаласында Бірінші Жалпы қазақ сиезінде қаралған 14 мәселенің бірі Шора-и Ислам тақырыбы болды. Сиезге Жаһанша Досмұхамедұлы мен Уәлитхан Танашев осы ұйымның мүшесі ретінде келіп қатысты. Бұл жайында Міржақып Дулатұлы «Қазақ» газетіне: *«...Әр облыстан келген өкілдердің үстіне Петроградтағы Учредительное собрание закон жобасын жасап жатқан мәжілісте болған һәм Шора-и Ислам комитетінде қызмет айтып тұрған Жаһанша Досмұхамедов мен Уәлидхан Танашев та келіп жетті»,* – деп жазды (№238, 1917 жыл).

Алаш зиялылары әу баста Шора-и Ислам сайлауына қатысты наразылық білдірсе де, кейін бұл кеңес қазақ үшін қажет деген шешімге келді. Сөйтіп сиезде Шора-и Ислам кеңесіне қатысты: *«Бүкіл Ресей мұсылмандарының шорасында қазақ өкілдері болуы тиіс. Шора-и Ислам ағзалары түрлі мұсылмандардың әр қайсысынан санына қарай болсын. Қазақ халқының уақытша Шора-и Исламға жіберетін өкілдерінің жалпы саны мұсылман сиезі лайықтағанша болсын. Қазақ өкілдерінің санын көбейту мәселесін Шора-и Ислам тез арада шешеді»,* – деген қаулы қабылдады.

Сиез шешімі бойынша Шора-и Исламға қазақтан 8 адам сайланды. Олар – Айдархан Тұрлыбаев (Ақмола облысы), Әбікей Сәтбаев (Семей облысы), Әлжан Байғурин (Торғай облысы), Жаһанша Досмұхамедов (Орал облысы), Уәлитхан Танашев (Бөкей ордасы), Базарбай Мәметов (Жетісу облысы), Мұстафа Шоқай (Сырдария облысы), Ғабдірахман Оразаев (Ферғана облысы). Жаһанша Досмұхамедов пен Уәлитхан Танашев кеңестің қазақ басшылары ретінде қайта сайланды. Сөйтіп Алаш зиялылары мен Шора-и Ислам арасы қайта түзелді. Мәселен, «Қазақ» газетінде жарияланған «Шора-и Ислам үшін ақша» деген мақалада былай деп жазылды: *«Бүкіл Ресей мұсылмандарының Петроградта шорасы бар. Онда біздің қазақтан да әр облыстан кісі тағайындалды. Бұлардың расходы халықтан болуға тиіс. Халықтан болғанда үй басына салық салып жинау емес, әр кім ықтиярымен, сол істің халыққа керектігін, пайдасын түсінген азаматтардың беретін ақшасынан жиналуға тиіс. «Шора-и Ислам» – саяси ұйым. Сондықтан саяси ұйымдарды сол ұйымды саяси пікірі қуаттаған адамдар көтермелеу керек»,* – дей келіп (№243, 1917 жыл), Шора-и Ислам кеңесіне сайланған қазақ мүшелеріне қаржылай қарайласу керектігін жазды.

Сиезде қазақ саяси партиясының жобасын жасау екеуіне тапсырылды. Бұл жайында «Қазақ» газетінде: *«21-26 июлде Орынбор шаһарында болған жалпы қазақ сиезінде қазақ өз алдына сайаси партия болу мәселесі қаралып, жасауға қаулы етілген еді. Партия программасын жасау жұмысы Петроградтағы Шора-и Ислам комитетіндегі қазақ өкілдеріне тапсырылған еді»,* – деп жазылды (№244, 1917 жыл). Алайда Жаһаншаның комитеттердегі қатқабат жұмыстан босамай, партия бағдарламасын жасауға мүмкіндігі болмады. Уәлитхан елден шақырту келуіне байланысты қайтып кетті. Ал сиез сайлаған Шора-и Исламның басқа мүшелері Петроградқа бармады. Құрылтай жиылысы сайлауының мерзімі жақындап келе жатты. Осы кезде Алаш қайраткерлері амал тауып, Бірінші Жалпы қазақ сиезінің қаулысын «Алаш» партиясының бағдарламасына негіз етіп алды.

17-21 шілде аралығында Қазан қаласында Екінші Бүкілресейлік мұсылман сиезі өтті. Бұл сиезге Алаш зиялылары делегат жіберуге қарсы болды. Олар «Қазақ» газеті арқылы мәлімдеме жасап: *«20 июлде Қазанда жалпы мұсылман сиезі болмақ. Уақыт тығыз, жұмыс көп һәм қазақ өзара сөйлесуі аса қажет болғандықтан Қазандағы жалпы мұсылман сиезіне бара алмаспыз деп қаулы қылдық. Оның үстіне жалпы мұсылман сиезінде кеше болды ғой деген де ойға келді. Әуелі қазақ көшін оңға бастайтын болсақ, кіммен жолдас болуымыз қашпас. Өзді өзіміз ауыз біріктірмей тұрып, дүрмекке шаба беруден пайда аз»,* – деп жазды (№236, 1917 жыл). Қазақтар секілді, Қырым, Кавказ, Түркістан мұсылмандарының өкілдері де бұл сиезден сырт қалды. Тарихшы Мәмбет Қойгелдиев бұл жайында: *«Бұл шешім іс жүзінде бүкілресейлік мұсылман қозғалысынан қазақ ұлтазаттық қозғалысының өз іргесін бөлек салуымен тең еді. Жалпыресейлік түркімұсылман азаттық қозғалысының өсуі барысында болмай қоймайтын ішкі жіктелуінің көрінісі болатын»,* – деді.

Алаш зиялыларының бұл сиезге делегат жібермеуінің себебі бар еді. Осы сиезде Ішкі Ресей мен Сібір түркітатар мұсылмандарының ұлттық-мәдени автономиясы (Милли Идаре) жарияланды. Милли Идаре құрамында Малия назарият (қаржы), Мағариф назарият (оқу-ағарту) және Діни назарият (дін) деп аталған үш министрлік жұмыс істеді. Шора-и Ислам кеңесі осындағы Малия назарият құрамына қосылып, жұмысын тоқтатты. Ал Уфа дін басқармасы Діни назарият құрамына қосылды. Билікке большевиктер келгеннен кейін, Милли Идаре үкіметі де таратылды. Үш ай ғана өмір сүрген Шора-и Ислам осылайша қазақ үшін аса маңызды рөл атқара қоймады.

Серікбол ТІЛЕПБЕРГЕНҰЛЫ

КІСІЛІК ХАҚЫНДА СӨЗ ӨРБІТКЕНІМІЗДЕ ШЕЖІРЕ ЖЕЛІСІНЕ КӨЗ ЖҮГІРТІП, КІМНЕН ТАРАҒАНЫНА ЗЕР САЛАТЫН ХАЛЫҚПЫЗ ҒОЙ. ТҮП ТЕГІНДЕ ДЕГДАРЛЫҚ БОЛМАСА, АДАМ ШІРКІН, ЖОҚТАН БАР ЖАСАМАҚ ТҮГІЛІ, БАРЫНЫҢ ӨЗІН БАҒАМДАЙ АЛМАС ХӘЛДЕ БОЛМАҚ. АХМЕТЖАН ҚАЖЫ – ТЕКТІ ӘУЛЕТТІҢ ТҰЯҒЫ, БАТЫР ТАҢСЫҚ ҚОЖАНЫҢ ШӨБЕРЕСІ. ТАҢСЫҚ БАТЫР КІМ ДЕСЕҢІЗ, КЕШЕГІ ӨТКЕН ХАН АБЫЛАЙДЫҢ ШЕРЛІ ЗАМАНЫНДА СОҢЫНАН ОРЫНТАҚ ТҰРҒЫЗЫП, ҚОЛ БАСТАҒАН ДАҢҒАЙЫР ТАРИХИ ТҰЛҒА.

АХМЕТЖАН ҚАЖЫНЫҢ ҚИЛЫ ТАҒДЫРЫ

Көнекөздердің айтуына қарағанда, Таңсық қожа Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде жерленген. Алайда жұмбақ себептермен ресми тізімге енбеген көрінеді. Бұл толғақты түйткілді әлі де болса індетіп зерделеу қажеттігі туындайды. Шежіре тармағында сол Таңсықтан тараған бес ұлдың бірі – Ибраһим. Ахметжан қажының ұлы әкесі Ибраһим де – тарих ұмытпаған тұлға. Одан алты ұл тараса, соның бірі Жүсіптен Ахметжан қажы өрбіген. Ибраһим Қарағанды өңірінің иесі болған, киесі болған Игілік бидің қожасы болған. Ибраһим қожаның бейіті өзі қызмет еткен Игілік бидің қорымында болуы әбден мүмкін. Саран қаласынан 5 шақырым жердегі Байтамы деген жерде бидің кесенесі тұр. Ал Ибраһимнің ұлы Жүсіп – Барғана руының Шушақ деген тармағының қожасы. Сүйегі Сұлусу өзені бойындағы Сарытауда. Жүсіптен төрт ұл – Ахметжан қажы, Сейіл қажы және Мейірхан, Асанхан тарайды.



Ахметжан қазіргі Шет ауданына қарасты Сарытау дейтін Сарыарқаның шұрайлы жерінің бірінде 1874 жылы дүние есігін ашқан. Қыстауының жұрты қазірге дейін бар. Ахметжан жастайынан имандылықты ту етіп, ғазиз ғұмырын дін жолына арнап өтті. Халық қадірлісі болған дін қайраткері – Ислам дінінің көркейе түсуіне риясыз еңбек еткен Алланың сүйген құлы. Сол үшін адам төзгісіз қиындықтарға өзі де, ұрпақтары да ұшырады.

Ахметжан 1902 жылы Бұхарада медресе бітіріп, жоғары діни білім алып шықты. Осы ортаның игі жақсыларымен бірге 1906 жылы қасиетті Меккеге барып, міндетін мүлтіксіз орындап, қажы болып қайтты. Қажы Ақмола уезінің беделді азаматы болды. Оған бір дәлел – айыптау ісіндегі «имел связи с влиятельными людьми Акмолинского уезда» деген жазу. Өзі құт дарыған бай, аса білімді, дінге шын берілген жан еді. Уағында жүйке ауруына шалдыққан жандарды да емдеген қасиеті елге мәлім.

Бірақ бұл мамыражай өмір көпке созылмады. Заман өзгерді. Кезең-кезеңімен Кеңес өкіметі орнап, әсте-әсте қожа-молдаларды құдалау үрдісі басталды. Оларға қарсы әрекет атаулысы белең алды. Шетінен қамауға алып, көзін жоюға дейін барды. Мұсылмандық жолды адал ұстаған Ахметжан қажы да қуғын-сүргін құрығынан оңай құтыла алмады. Сотталды, малмүлкінен айырылды. Отбасымен бірге жер аударылды. Оған негіз – 1928 жылғы 9 тамызда басылып шыққан большевиктердің Бүкілодақтық Коммунистік партиясының №52 қаулысы. Ал Қазақстан өкіметі соған сәйкес 1928 жылғы 27 тамызда №68 деген қаулы қабылдады. Ол қаулы «О конфискации и выселений крупнейших байских хозяйств» деп аталады. Соған сәйкес 150-ден жоғары бас малы бар байлар легі анықталып, жоспар бойынша кәмпескеге ілінуі керек екен. Ондайлардың мұқым Қазақстан бойынша саны 696 адам болыпты. Бұлардың бірі де бірегейі Ахметжан қажы, әрине, бұл қасіретті науқанның алғы шебінде еді. Кейін келе бес қойы барлар да ілікті. Содан Ахметжан қажыдан 200 бас сиыр, 170 жылқы, 500 қой тәрікленіпті. Оған дәлел – Ұлттық қауіпсіздік комитеті Қарағанды облыстық департаментінің 2013 жылғы 18 қазанда берілген мұрағаттық анықтамасы. Бар мал-мүлкінен айырылған соң, ары қарай өмір сүру керек деп аттылы-жаяу кіндік қаны тамған жерден безуге мәжбүр болды. Қарағандыға келіп ЦЕС-тің түбіндегі қазақ ауылын паналады. Бірақ бұл жерде де тыныш отырмай, діни рәсімдерді жүргізген. Халықты емдеген, дін жолымен қаражат жинаған. Колхоздандыруға қарсы үгіттеген. Айыптаушы ісіндегі құжаттардағы мәліметтер солай дейді. Есесіне үстінен донос пен көрсетінді арыздар қарша борап, Ахметжан қажы Тельман аудандық ОГПУ шешімімен 1933 жылғы 5 наурызда ұсталып, 6 ай үздіксіз тергеліп, азапталып, «үштіктің» шешімімен 1933 жылғы 15 тамызда сотталады. Тағдыршешті 58-баптың 11-тармағына сәйкес, «контрреволюциялық әрекеті» үшін әуелі Батыс Қазақстан облысына, кейін Ресейдің Омбы облысы Есілкөл ауданы Мұқашево селосына отбасымен жер аударылды. Сонда біздің ана-мыз Күлпәш небәрі 6 жаста, ал сіңілісі Әукіш 1 жаста екен. Үлкен балалары бөлек тұрған. Қажы елге тек 1942 жылдың күзінде қайтқан. Оның өзінде ортаншы ұлы Әжбаба Сталинград түбінде қаза болып, елге қайтуға рұқсат берілген екен. Ахметжан қажы 1947 жылғы қарашада өзінің туған жері Дәрияда қайтыс болды. Тәубә, әйтеуір елден бір уыс топырақ бұйырды. Айта кету керек, әйелі Тәжен сол Омбы жерінде қалды. Ол ну орманға барып, отын жинайды екен. Сондай бір шақта жылан шағыпты. Қажының екі әйелінен 10 бала: 6 ұл (Омархан, Әуезхан, Жанайдар, Бегайдар, Әжбаба, Бура) және 4 қыз (Ажар, Балкен, Күлпәш, Әукіш) тараған. Аллаға шүкір, бәрінен де ұрпақ бар.

Жоғарыда жазылғандай, қасиетті әулеттің тағдыр-талайы өте бір қилы болды. Ахметжан қажыдан бөлек, осы отбасының тағы да үш мүшесі аты өшкір 58-бап бойынша «халық жауы» деген желеумен қуғын-сүргінге ұшырап, жазықсыз сотталды. Қажының тұңғыш ұлы Омархан 8 жылға сотталып, «Долинка» лагерінде азап шегіп, сол жерде жантәсілім етеді. Әуезхан деген ұлы өз заманының зиялы қауымының бірі еді. Бұл кісі Ақмоланың мектебінде Сәкен Сейфуллинмен бір мектепте оқыған. Кейін Ташкендегі ҚазПИ-де Темірбек Жүргеновпен бірге білім алған. Оқуды бітіріп келген соң Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауылында өзі қазығын қаққан алғашқы мектеп-интернатының директоры болған. Сәкенмен бірге оқығаны үшін 1937 жылы 10 жыл өмірін қиыр солтүстіктегі «Варкута» лагерінде өткеріп, 1947 жылы сырқатқа шалдыққаны себепті елге оралған. Тағы бір ұлы Әуесхан 1916 жылғы Ұлт-азаттық көтерілістің осы өлкедегі ұйымдастырушыларының бірі ретінде қыс бойы патша түрмесінде отырған. Бұл оқиға туралы Сәкеннің «Тар жол тайғақ кешу» романында әдіптеліп жазылған. Әттең, қанша назар аударсақ та, жергілікті тарихшылар қауымы осы дерекке мән бермейді. Осындай ақеділ жерлестеріміздің іс-әрекеті тасада қалып жатыр.

Ахметжан қажының әйелі Жанылдық Қалақайқызы 1937-38 жылдары емшектегі қызымен Ақмоладағы «Алжирге» жіберіліпті, сол жерде сәбиі шетінеп, өзі айықпас дертке шалдығып, мерзімінен бұрын босатылыпты. Елге келіп, көп ұзамай осы жерде қайтыс болыпты. Бірақ «Алжирдің» ресми тізімінде оның есім-сойы жоқ. Өкініштісі – қолымызда бұл кісі туралы еш мәлімет жоқ, бәрі тек үлкендердің айтуы бойынша ғана.

Ал Ахметжан қажының інісі Сейіл қажы 1948-1954 жылдары Қарлагтың Бидайық бөлімшесінде жазықсыз отырып, бостандыққа шықты. Ахметжан қажы мен үлкен ұлы Омархан туралы барлық архивтік анықтамалар бар. Ал екінші ұлы Әуесхан мен інісі Сейіл қажы туралы құжаттарды таба алмадық. Жан-жақтан іздегенімізбен, әзірге ешқандай дерек жоқ. Тұнған аңызға татырлық тұл тағдырды бастан кешкен бір әулеттің тарихы осындай болды.

Бейбіт БАЙМУРЗИН,
Қарағанды қаласы

Сауаптан жүрекке ЖЕТКЕН НҰР

КЕЙБІР ЖАНДАР ЖАРЫҚ ӘЛЕМДІ КӨЗБЕН ЕМЕС, ЖҮРЕКПЕН «КӨРЕДІ». СОЛ ЖҮРЕКТЕРГЕ, ӘСІРЕСЕ КӨРУ МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАРҒА ҚҰРАННЫҢ НҰРЫН ЖЕТКІЗІП, ӘР ӘРПІН ҚОЛМЕН СЕЗІНДІРІП ҮЙРЕТУ – ЕКІНІҢ БІРІНІҢ ҚОЛЫНАН КЕЛМЕЙТІН ІЗГІ ҚЫЗМЕТ. ОСЫНДАЙ САУАПТЫ ЖОЛДА ШӘКІРТТЕРІНЕ САБЫРМЕН ТӘЛІМ БЕРІП, ҚАСИЕТТІ ҚҰРАНДЫ ҮЙРЕТІП ЖҮРГЕН ҰСТАЗ АЙНҰР ХУМАРБЕККЫЗЫНЫҢ ЕҢБЕГІ ОРАСАН.



Айнұр ұстаздың көру мүмкіндігі шектеулі жандарға сабақ беріп жүргеніне 15 жылға жуықтаған. 19 жасынан бастап діни білім алып, осы жолда тынбай еңбектеніп келеді. Ол 2005-2011 жылдары Шымкенттегі қыздар медресесінде білім алған. Медресе қабырғасында жүріп, 2009-2010 жылдары Стамбұл қаласындағы Азиз Махмұт Худаи атындағы қыздарға арналған Құран курсында білімін жетілдірген. «Стамбұлдағы Құран курсында оқып жүрген кезде «болашақта ұстаздар әртүрлі салада қызмет етуі мүмкін» деп Брайль әдісін үйреткен еді. Аталған әдіс бойынша Құран үйрену сабақтары 2010 жылдары Алматыдағы Төле би мешітінде ашылған. Бұл қызметті Гүлнұр Ережепова атқарды. Ол кісі тұрмысқа шыққаннан кейін 2012 жылдан бастап сол қызметті атқару маған жүктелді» дейді Айнұр.

Брайль әдісі – көру мүмкіндігі шектеулі жандардың оқу-жазуына арналған бедерлі-нүктелі тактильді шрифтпен жазылған жүйе. Бұл әдісті XIX ғасырда француз ғалымы әрі педагог Луи Брайль ойлап тапқан. Ол 3 жасында көз жанарынан айырылып, кейін көзі мүлде көрмей қалған. Соған қарамастан білімге құштар болып, зағип жандарға арналған мектепте оқыған. 1821 жылы француз офицері Шарль Барбье Луи Брайлге әскери адамдарға арналған түнде оқылатын бедерлі жазу жүйесін таныстырған. Бұл жүйе арқылы оқу қиын болғандықтан, ол оны жеңілдетіп, 1824 жылы небәрі 15 жасында алты нүктеден тұратын жаңа әліпби жүйесін жасап шыққан. Алғашында бұл жүйе бірден қабылданбады. Бірақ уақыт өте келе оның тиімділігі дәлелденіп, 1837 жылы Брайль әдісімен оқу-жазу бүкіл әлемге тарады. Бүгінде Брайль жүйесі көптеген тілге бейімделіп, миллиондаған адамның білім алуына, кітап оқуына және қоғаммен еркін байланыс жасауына мүмкіндік беріп отыр.

Қазақстанда зағип және нашар көретін азаматтарға арналған 17 арнайы кітапхана, оның ішінде 1 республикалық, 7 облыстық, 4 қалалық, 2 филиал және 3 арнайы бөлім жұмыс істейді. Мәдениет және ақпарат министрлігінің мәліметінше, қазіргі уақытта бұл кітапханалардың оқырмандары бүкіл ел бойынша 49 272-ге, келушілер саны 423 860-қа жетті. Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана бүкіл ел бойынша 16 мамандандырылған кітапханаға әдістемелік орталық ретінде қызмет етеді. Бүгінде республиканың арнайы кітапханаларының жалпы қоры 1 010 076 кітапқа жеткен. Кітап қоры өткен жылмен салыстырғанда 2,5 пайызға өсті.

Ал елімізде зағип жандар діни, рухани білімін қалай арттырады? Еліміздегі мешіттерде Құран оқу курстарын үйрететін ұстаздар Брайль әдісін де меңгеріп, зағип жандардың діни білім алуына жағдай жасалып келеді. Осы мақсатта 2024 жылы Қонаев қаласындағы «Қапшағай» орталық мешіті жанынан «7 нүкте» Брайль үлгісіндегі білім беру орталығы ашылды. Бүгінде Айнұр осы жерде Құран үйренем деген жандарға сабақ беріп келеді. Орталық Құран үйренуге деген ықыласы бар зағип жандарға Брайль жүйесі негізінде дәрістер жүргізу, ҚМДБ бастамасы аясында өзге өңірлерден келген ұстаздарға арнайы курстар ұйымдастыру, т.б. қызметтер атқарады. «Бұл орталықта Брайль қарпімен жазылған діни кітаптар дайындалады. Қазірдің өзінде «Алланың 99 есімі», «Намаз оқып үйренейік» кітабының бірінші үлгісі және «Брайль әліппесі» кітаптары басып шығарылды» дейді Айнұр ұстаз. Сондай-ақ ол оқу орнының әлеуметтік желідегі парақшасы ашылғалы онлайн оқитын шәкірттер саны да көбейгенін айтады.


Осыдан алты ай бұрын «Зекет және қайырымдылық» қорының қолдауымен орталыққа Брайль әріптері және 2D форматта басып шығаратын арнайы принтер табысталды. Бұл құрал көру қабілеті төмен жандардың діни білім алу мүмкіндіктерін кеңейткен. «Былтыр еліміздің 5 өңірінен осы бағытта қызмет атқарып жүрген әйел ұстаздар біліктілігін арттырды. Сонымен қатар ұстаздарға арналған арнайы платформа бар. Сол жерде онлайн білім алады. Брайль әдісімен дайындалған Құран әліппесі беріледі. Әр сабақта аудио және бейнематериалдар қамтылған. Бұл жерде жазу әдісі мен оқу әдісі екі түрлі, жазғанда оң жақтан жазамыз да, сол жақтан бастап оқылады. Брайль әріптері санмен белгіленеді. Шәкірттер қаріптерді сан арқылы жаттайды. Алла қаласа, біздің орталықтың алға қойып отырған жоспары көп. Арнайы принтер арқылы бірнеше діни еңбек шығару жоспарда бар. Бұл бақытта кітаптар жазып, еңбектеніп жатқан зерттеуші қарилар, ұстаздар да бар. Ол еңбектердің бәрі тексерістен өтеді, одан кейін шәкірттерімізге ұсынамыз» дейді Айнұр ұстаз.

Оның айтуынша, орталыққа басқа аймақтардан, тіпті шет елдерден де келіп білім алып жатқан шәкірттер бар екен. Қазіргі уақытта 6 шәкірт офлайн, 12 шәкірт онлайн түрде білім алып жатыр. «Біздің орталыққа Тәжікстаннан келіп, Құран жаттаған бала болды. Ол екі аптаның ішінде Құран Кәрімге түсіп, 3 пара жаттады. Шәкірттердің ең үлкені – 76-да, ең кішісі – 7 жаста» дейді ол. Сонымен қатар Айнұр ұстаздық қызметте болған жылдары есінде қалған ұлытаулық Лаура есімді шәкіртін ерекше атап өтті. Лаураның кейіннен көзі көрмей қалған екен. Брайль әдісінен хабары да болмаған. Сол шәкіртті Брайль әдісін қолдана отырып, Құран Кәрімнің 30 парасын жаттап, қари атанған. Сонымен қатар Айнұр ұстаздың алдында сабақ алған ерлі-зайыпты шәкірттер де бар. Олардың қол ұстасып бірге білім алуы, табандылығы – көпке үлгі. Сатқанбаевтар отбасы орталық ашылғалы білім алып келе жатыр екен. «Көз жанарымда туғаннан ақау болды. Жас кезімде аздап көре алатын едім. Қырық жастан асқаннан кейін көзімнің көруі қатты нашарлады. Қазіргі уақытта 57 жастамын. Осы орталық ашылғалы Құран үйрену сабағына жазылып, оқып жүрдім. Қазір Брайль әдісімен оқи аламын. Кей сүрелерді жатқа білемін. Ниет болса, жасқа қарамай үйренуге болады. Басында оқи алмай қиналғаным рас. Негізін үйрену үшін бірнеше ай еңбектендік. Әр нәресенің қиындығы болады. Бірақ үнемі оқудың арқасында жақсы нәтижелер болып жатыр. Әлі де жалғастырмақ ниеттеміз» дейді Серік Сатқанбаев.

Айнұр ұстаз әр шәкірттің сынаққа толы тағдырына, сол тағдырдың ауыр жүгін сабырмен көтеріп келе жатқан қайсарлығына көз жіберіп, Жаратқанның берген нығметіне шүкір ететінін айтты. Ол осы уақытқа дейін онлайн оқыған шәкіттерді де қоса санағанда, көру мүмкіндігі шектеулі 35 жанға ілім үйреткен екен. Одан бөлек Брайль әдісімен оқыту бойынша 30 ұстаз Айнұрдың алдынан тәлім алған. «Ұстаздық жұмысымды жақсы көремін. Әр шәкіртімнің орны бөлек. Олардың алдындағы менің жауапкершілігім орасан. Осындай азаматтардың сынаққа мойымай, алға қарай жүріп, жаңа нәрсені үйренуге талпынысы ұстаз ретінде мені де қанаттандырады. Олар үміт үзбейді, бәрін жүрекпен сезеді. Олардың өмірді қабылдауы да ерекше. Сынақты қабылдап, әрі қарай әрекет етуге құлшынып тұрады. Бұл кісілерге сабақ беру арқылы өзімді күнде тәрбиелеймін» дейді Айнұр ұстаз.



Айзат ЕРМЕККЫЗЫ



БОЛАШАҚ КІТАП оқытындар қолында

(Басы 1-бетте)

Жарлық баспасөзде жария болған соң салаға қатысты түрлі қоғам өкілдерінің пікірін сұрадық. «Arman-PV» баспасының бас директоры Дидара Алина былай дейді: «Бұл – ел руханияты үшін ғана емес, білім жүйесі үшін де салмақты шешім. Құжаттың мәні бір саланың шеңберімен шектелмейді. Мұнда ұлттың ойлау мәдениеті, білім сапасы, тілдік кеңістігі, жас ұрпақтың дүниетанымы және болашақ қоғамның зияткерлік деңгейі туралы үлкен мәселе көтеріліп отыр. Кітап – адамның ішкі әлемін тәрбиелейтін, ойына тәртіп беретін, танымын кеңейтетін ең байырғы әрі ең сенімді құралдың бірі. Уақыт өзгерді, технология дамыды, ақпараттың ағыны бұрынсоңды болмаған деңгейге жетті. Бірақ адам баласының ойлану, саралау, түсіну қабілеті әлі де сапалы мәтін арқылы қалыптасады. Сондықтан кітап оқу мәдениеті туралы сөз қозғау – шын мәнінде, ұлттың ертеңгі ойлау сапасы туралы айту».

Рас, қазір смартфонның құлағында ойнайтын жас пен жасамыс та, мектеп оқушылары да жасанды интеллектпен «дос» болып алды. ЖИ-дің игілігін қолдануға қарсы емеспіз, бірақ оны орнымен қолдану қажеттігін еске саламыз. Өйткені ЖИ-ға сүйеніп алған адамның миы жұмыс істеуді доғаруға, ойланбауға көшеді. Ал ми – кеудесінде жаны бар адамның ең үлкен қаруы. Оның жұмысын дамытып, әрдайым сергек ұстау үшін адамға кітап оқу керек-ақ. «Кітапсыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ», «Кітап – білім бұлағы, білім – өмір шырағы» деген қанатты сөздер текке айтылмаған. Тіпті жасанды интеллектіні де, басқа технологияны да ойлап тапқан адамдардың дені – кітап оқитындар. «Компьютерге байланғанды кітап оқитындар басқарады» деген сөздің де жаны бар.

«Цифрландыру қордың сақталуын қамтамасыз етсе, жасанды интеллект қай салаға болмасын автоматтандыруға қажет. Технологияның озық үлгілерін де оқыған, сауатты маман жасайды. Интернеттегі дереккөздер де сол кітаптан алынған, бір-бірімен байланысты, салыстыруға келмейді. Сосын соңғы кезде айналаға көз тіксеңіздер, оптика көбейді. Тілі кеш шығатын балалар саны да қынжылтады, цифрлы аутизм да бар. Осы орайда да бұл Жарлықтың тек рухани сананы жаңғыртуға ғана емес, ұлт денсаулығына берері мол. «Барлығы бізге дейін кітапқа еніп қойған, тек оны оқу, түсіну, саралау қалды» дейді даналар. Кез келген мемлекет, қоғам түрлі даму сатысынан өтеді. Біздің қоғам дәл қазір білімді қажет етіп тұр. Кітаптың пайдасын жақсы білеміз. Даналардың айтқанын ұрпаққа жеткіземіз. Бірақ нақты қадамдар мен бағдарламалар жасалса, ол негізгі мақсатты жүйелейді. Мемлекет басшысының Жарлығы осы мәселені шешуге бағытталған дер кезіндегі қадам болды» дейді Ұлттық кітапхананың директоры Ғазиза Құдайберген.

Балаларға кітап оқытуда жасы мен ойлану деңгейін шамалау маңызды. Бұл – баланы кітапқа қызықтыру мен сыни ойлауға машықтандыруда ескеретін жайт. Өйткені жоғарыда айтылғандай, кітапты оқығаннан кейін оны түсіну, саралау процесі де жүруі тиіс. Бұл жастар, студенттер арасында кітап оқу мәдениетін қалыптастыруға да тікелей қатысты. Ол бағытта Дидара Алина шетелдік тәжірибеге сүйену керек деп санайды: «Әлемдік тәжірибеге қарасақ, кітап оқуды дамытқан елдер бұл мәселеге жеке-жеке емес, тұтас жүйе ретінде қарайды. Финляндияда мектеп пен кітапхана арасындағы байланыс өте мықты. Жапонияда баланың кітаппен қарым-қатынасы ерте жастан қалыптасады. Оңтүстік Корея мен Сингапурда оқу мәдениеті білім сапасымен, отбасылық тәрбиемен және қоғамдық тәртіппен қатар қарастырылады. Бұл елдердің тәжірибесі бір нәрсені дәлелдейді: оқырман ұрпақ өздігінен пайда болмайды. Оны орта қалыптастырады. Мектеп, отбасы, кітапхана, баспа және мемлекет бір бағытта жұмыс істегенде ғана оқу мәдениеті орнығады».

Қоғамда көз үйреніп жатқан бір игілік – кофехана мен кішігірім кафелерде, тамақтану орындарында әртүрлі кітаптардың тұруы. Тәнін азықтандыруға келген клиентінің рухани қажетін де өтеуге тырысып жатқан жандардың бұл ісі, әрине, қуантарлық. Одан кейін қоғамдық көліктерде, аялдамаларда кітап оқып отыратын жастар бірен-саран болса да бар, бастысы, жоқ емес. Солардың бірі жөнінде қоғам белсендісі Марғұлан Ермағанбетұлы былай деп жазды: «Автобуста жас бала Медеу Сәрсекенің «Құғындалған Сәтбаев» кітабын оқып отырды. Бірінші курс студенті екен. Бүгінгі күні ел болып қолымызда смартфон ұстап отыратынымызды бәріміз жақсы білеміз. «Автобуста кітап оқып отыратын сендей «жындылар» сирек» дедім. Күлді. Кітапта не бар деп едім, ғалымның өмірінде сүйсінетін дүниелер көп екен деді. Бұрын өзім де аш болсам да кітап оқи беретін студент болатынмын, осы есіме түсті де, есепшотын сұрап, «кітап оқығаның үшін» деп демеуші боп кеттім. Президент кітап оқитын ұлт қалыптастыру арқылы сапаны көтеруді мақсат қойғанын түсінемін. Енді осылай көшеде кітап оқып бара жатқан жастарды көрсек, қолдай берейік. Мүмкін тренд боп кетер. Өйткені кітап оқитын жастардан жаман дүниелер шықпайды деп ойлаймын».

Ол рас, кітап оқитын адамдардан жағымсыз қылық, жаман істер шыға қоюы екіталай. Компьютер не смартфонға байланған балаға қарағанда қойнында кітабы, қолында қаламы бар балаға үмітпен қарайтынымыз белгілі. Сондықтан Президент Жарлығында қандай тапсырма айтылса да, бәрінің де түпкі мақсаты қазақ қоғамын кітапқұмар, зерек әрі зияткер ету екені даусыз.

Ермұрат ШОПАН

ҚҰРАН ІНЖУЛЕРІ

«Қасас» сүресі

«Қасас» сөзінің мағынасы «қисса», «әңгіме» дегенді білдіреді. Өйткені бұл сүреде – бірқатар пайғамбардың қиссасы баян етілген. «Қасас» сөзі сүренің 25-аятында келген. Сүреде Мұса (оған Алланың сәлемі болсын) пайғамбардың қиссасы кеңінен баяндалғандықтан, бұл сүрені «Мұса» сүресі деп те атайды.

РЕТТІЛІГІ, АЯТ САНЫ

Реттілігі жағынан Құрандағы 28-сүре, аят саны – 88. Сүренің 55, 85-аяттардан басқа аяттары – меккелік аяттар қатарында. Құранның 20-парасында 385-396 беттерде орналасқан.

ҚЫСҚАША МАЗМҰНЫ

Сүреде пайғамбарлардың, соның ішінде Мұса (оған Алланың сәлемі болсын) пайғамбардың өмірі, мұғжизалары кеңінен баяндалады. Сол заманда өмір сүрген перғауынның зұлымдығы, оның ақыры не болғанын жеткізеді және әр адамның, тіпті Перғауынға дейін ескертусіз қалмайтынын айтқан. Пайғамбарға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қатысты 56-аятта: **«Сен көңіліңе жаққан әр адамды тура жолға сала алмайсың, Алла ғана қалаған пендесін тура жолға сала алады»,** – деген аят бар. Бұл аят Алла елшісінің ағасы Әбу Талибке қатысты айтылған еді.

АРТЫҚШЫЛЫҒЫ

«Қасас» сүресінің артықшылығына қатысты сенімді дереккөздерде нақты дәлел жоқ. Дегенмен Фейрузабади келтірген кейбір әлсіз хадистерде: ***«Кімде-кім «Қасас» сүресін оқитын болса, аспан мен жердегі періштелер оның шыншыл екеніне куәлік береді»,*** – делінген. Бұл сүреде мұсылман еместі мұсылман қылу тіпті Пайғамбардың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) да қолынан келмейтіні айтылған. Бұл да Құранның Алладан келгенін, Мұхаммедтің Алланың елшісі екенін дәлелдейді.

ІНЖУЛЕРІ

«Оларға (имандылықта) **сабырлық танытып, табандылық көрсеткені үшін екі мәрте сауап беріледі. Олар жамандықты жақсылықпен қайтарады** (яғни күнә-қателіктерін игі істерімен жуып-шаяды немесе жамандыққа жақсылықпен жауап береді) **һәм өздеріне ризық ретінде берген нығметімізден** (Алла жолында міндет етпей) **жұмсайды»** («Қасас» сүресі, 54-аят).

«(Уа, Мұхаммед!) **Сен көңіліңе жаққан әр адамды тура жолға сала алмайсың. Алла ғана қалаған пендесін тура жолға салады. Ол кімнің тура жолға түсуге лайық әрі бейім екенін жақсы біледі»** («Қасас» сүресі, 56-аят).

«(Уа, адамдар! Бұл дүниеде) **өздеріне берілгеннің бәрі – қу тіршіліктің болмашы бұйымы мен өткінші сән-салтанаты ғана. Ал Алланың сендер үшін сақтаған** (ақыреттегі) **сый-сияпаты болса, әлдеқайда қайырлы һәм мәңгілік. Әлі де ақылға салып ойланбайсыңдар ма?!»** («Қасас» сүресі, 60-аят).

«Алайда тәубесіне келіп, иман келтіріп, Аллаға бет бұрғандар және (өздерін әрі қоғамды түзетуге бағытталған) **игі істер істегендер** (мәңгілік азаптан) **құтылып, мақсат-мұратына жететіндердің қатарында боламыз деп үміт ете алады»** («Қасас» сүресі, 67-аят).

«Ол – Алла, Одан басқа құдай жоқ, (әр істің, әрбір жетістіктің) **басында да, соңында да, дүниеде де, ақыретте де бар мадақ пен шексіз шүкірлік бір Өзіне ғана тән. Бар билік, шексіз үстемдік бір Өзінің иелігінде және бәрін де Оған қайтарыласыңдар»** («Қасас» сүресі, 70-аят).

«Кімде-кім (ақыретте Алланың құзырына) **жақсылықпен келсе, оған одан да қайырлы сый-сияпат беріледі. Ал кім жамандықпен келсе, жаман іс істегендер тек істеген ісінің ғана қарымын алады** (яғни тек істеген күнәсына қарай жазаға тартылады)» («Қасас» сүресі, 84-аят).

Дайындаған
Хамзат ҚАЖЫМҰРАТҰЛЫ

Сербияның Нови-Пазар қаласындағы «Алтун Алем» тарихи мешіті күрделі жөндеуден кейін қайта есігін айқара ашты. Көне сәулет өнерінің осынау бірегей үлгісінің ашылуы ғимараттың 500 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келді.



ЖӘДІГЕР ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТЫЛДЫ

Екі күнге созылған салтанатты шараға Сербия үкіметінің мүшелері бастаған мәртебелі қонақтар қатысты. Ресми жиында сөз сөйлеген Сербияның Үкімет басшысы Ивица Дачич бұл оқиғаның ел тарихы мен мәдениеті үшін маңызы зор екенін айтты. «Бес ғасырлық тарихы бар бұл діни ғимарат Нови-Пазардың ғана емес, бүкіл Сербияның ортақ байлығы мен мұрасы. Өткенімізді қастерлеп, оны келешек ұрпаққа жауапкершілікпен аманаттау – ортақ міндет. Бұл қадам – Сербияның елдегі діни және мәдени әртүрлілікті жоғары бағалайтынының айқын дәлелі» деді ол.

Министр мешітті қайта жаңғырту жұмыстарына Сербия бюджетінен де арнайы қаржы бөлінгенін тілге тиек етті. Сондай-ақ көне ғимарат алдағы уақытта бейбітшіліктің пен бауырластықтың мекені болып қала беретініне сенім білдірді.

ЭВЕРЕСТКЕ АЛТЫНШЫ МӘРТЕ АТТАНДЫ

Палестиналық танымал альпинист Мұстафа Саламе жер шарының ең биік нүктесі Эверест шыңын бағындыруға алтыншы мәрте аттанды. Оның заңғар көкке әрбір өрмелеуі ізгілік миссиясына негізделді.




Бұған дейінгі бес сапарының үшеуін сәтті аяқтаған ол онкологиялық зерттеулер мен ЮНИСЕФ қорына 8 миллион доллар жинап берген еді. Ал бұл жолғы талпынысының жөні бөлек. Ол бүкіл әлемнің назарын Газа секторындағы қорғансыз бүлдіршіндерге аударғысы келеді. Қайсар жан Ұлыбританияның «әл-Хайр» қайырымдылық қоры арқылы 10 миллион доллар жинауды мақсат тұтып отыр. Бұл қаражат соғыс өрті шарпыған аймақтағы балаларға медициналық және психологиялық жәрдем көрсетуге жұмсалмақ.

Бүгінде алпысты алқымдап қалған альпинистің тағдыры қилы-қилы. Ата-анасы Палестинадан күштеп қуылып, Мұстафа Иордания мен Кувейт топырағында өсті. Кейін Тұманды Альбионға қоныс аударып, алғашқыда елшілікте еден жуушы, кейін мейрамханада ыдыс жуушы болып нәпақа тапты. Осылайша маңдай терімен жиған қаражатына Шотландияда жоғары білім алды. Ол 2004 жылға дейін экстремалды спортпен мүлдем айналыспаған. Алайда бір түнде көрген аян-түсі оның өмірін күрт өзгертті. «Түсімде әлемнің ең биік шыңында тұрып, азан шақырып, дұға жасап жатыр екенмін» дейді Мұстафа. Осы аяннан кейін ол тәуекелге бел байлады. Алғашқы екі талпынысы сәтсіз болғанымен, жігерлі жігіт 2008 жылы Эверестті бағындырды. Сәтсіздікке мойымаған ол 2016 жылы «Босқынның арманы» атты кітап жазса, 2022 жылы Эдинбургте докторлық диссертациясын сәтті қорғап шықты.

САРАПШЫЛАР СТАМБҰЛДА БАС ҚОСТЫ

Стамбұлда әлем сарапшылары бас қосқан Дүниежүзілік отарсыздану форумы өтті. Түркиялық Sabah басылымының хабарлауынша, жиында ақпарат, мәдениет және білім саласындағы отаршылдық мәселелері талқыланған.



Білім және мәдениет қорының президенті, доктор Эсра Айбайрак Батыс елдерінің ғылым мен білімге таңған қалыптарынан арылу керектігін мәлімдеді. Ол еуропалықтардың өз басқыншылықтарын ақтау үшін ғылымды құрал ретінде пайдаланғанын атап өтті. Сондай-ақ ол биолог Карл Линнейдің халықтарды «өркениетті» және «жабайы» деп бөлгенін, ал гинекологияның атасы Марион Симстің қара нәсілді құл әйелдерге аяусыз тәжірибелер жасағанын еске салды. «Бізге білім беру саласын отарсыздандыру қажет. Бүгінгі жасанды интеллект бағдарламаларының басым бөлігі Батыстың қайнар көздеріне сүйеніп жасалған. Әлем тек Лондон мен Париждің ғана емес, Стамбұл, Газа мен Рабаттың да ғылыми жетістіктеріне зәру» деді ол.

Форум аясында дәрістерден бөлек түрлі елдің отаршылдық тарихынан сыр шертетін 8 танымдық фильм көрсетілді.

ТҮРКУ ҚАЛАСЫНДА ФИНЛЯНДИЯ ТАРИХЫНДА ТҰҢҒЫШ РЕТ МҰСЫЛМАНДАРДЫҢ БІРЛЕСКЕН ФОРУМЫ ӨТТІ. ФИНЛЯНДИЯ ИСЛАМ КЕҢЕСІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ӨТКЕН БҰЛ ЖИЫНҒА ЕЛДІҢ 20 ҚАЛАСЫНАН КЕЛГЕН ДІНИ ҚАУЫМДАСТЫҚ ӨКІЛДЕРІ ҚАТЫСТЫ.

ФИНЛЯНДИЯДАҒЫ МҰСЫЛМАНДАР ФОРУМЫ



Форумда фин мұсылмандарын толғандырған өзекті мәселелер талқыланды. Олардың қатарында мектептерде Ислам дінін оқыту, Рамазан айы мен намаз уақыттарын бірге белгілеу, ұл балаларды сүндеттеу және халал стандарттарына сай мал сою мәселелері бар. Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл басқосу мұсылман қауымының қауіпсіздігін нығайтуға, мемлекетпен байланысты реттеуге және жергілікті қоғамға бейімделуге септігін тигізеді. Жаңадан құрылған Ислам кеңесі елдегі мұсылман жамағатының діни және қоғамдық өмірдегі іс-әрекеттерін үйлестіруді мақсат етіп отыр.

100 ЖАСТАҒЫ ҚАРИЯҒА ОПЕРАЦИЯ ЖАСАЛДЫ

Сауд Арабиясында Ахмед әл-Зайер есімді 102 жастағы қарияның жүрегіне заманауи тәсілмен сәтті операция жасалды. Осылайша озық медицинаның көмегіне сүйенген дәрігерлер науқастың өмірін ұзартты.



Дахран қаласындағы Johns Hopkins Aramco Healthcare медициналық орталығында жасалған бұл операцияның маңызы зор. Ахмед әл-Зайер бұған дейін инсульт алып, қан сұйылтатын дәрілерге тәуелді болып келген. Алайда бұл препараттар кейін оның ішкі ағзасын зақымдап, қарияны ауыр анемияға шалдықтырған. Дәрігерлер тәуекел етіп, аурухана төсегіне жиі таңылған ақсақалға Watchman құрылғысының көмегімен операция жасады.

Кардиолог дәрігер Саад Хасанияның айтуынша, білікті мамандардың жұмыла қимылдауының арқасында күрделі операция сәтті өткен. Таңғаларлығы – операциядан кейін 24 сағат өтпей жатып-ақ қария үйіне жіберілді. Қазір оның жағдайы жақсы, қан кету белгілері толық тоқтаған.

Клиника басшылығы бұл оқиғаның медицина тарихындағы үлкен жетістік екенін айтады. Дәрігерлердің айтуынша, адамның жасы озық ем-дом алуға ешқашан кедергі болмауы тиіс. Басты назар оның жасына емес, жалпы денсаулық көрсеткіші мен өмір сүру сапасын жақсартуға аударылуы қажет.

САХАРАНЫ СУАРҒАН ҒАСЫРЛЫҚ ЖҮЙЕ


Алжирдің ең құрғақ аймағы – Мзаб аңғарында жүз жылдан астам уақыт бойы бірегей су бөлу жүйесі жұмыс істеп тұр. Жергілікті жұрт осы ирригацияның арқасында аптап ыстықта егін егіп, бау-бақша өсіруде.

Тіршілік нәрі жер бедерінің табиғи еңісі, каналдар желісі мен қатаң ережелер арқылы реттеледі. Арнайы «су сақшылары» арналарды құмнан тазалап, суды әр шаруашылықтың жер көлеміне қарай әділ бөледі. «Ата-бабамыздан қалған бұл тәсіл – шөл даладағы үлкен жетістік. Сондықтан мұнда шетелдік мамандар мен туристер жиі келеді» дейді су шырақшысы Жабир Хаж Мұса.

Дикандардың айтуынша, ертеде салынған бөгеттер мен жерасты каналдары су қорын сенімді сақтайды. Ал минералға бай су топырақтың құнарын арттырады. Ең бастысы, қазіргі жас фермерлер де бұл көне дәстүрді аймақтың басты мұрасы ретінде сақтап, жалғастырып келеді.



ДУБАЙДА ЦИФРЛЫҚ МУЗЕЙ АШЫЛАДЫ



Дубайда аймақтағы алғашқы толықтай цифрлық өнер мен жаңа технологияларға арналған Museum of Digital Art музейі ашылады. DIFC Zabeel District ауданында бой көтеретін бұл нысан әмірліктің креативті экономикасын дамытуды көздейді.

Дубай мәдениет және өнер басқармасының төрайымы Латифа бинт Мұхаммед әл-Мактумның айтуынша, бұл музей – мәдениетті инновация, білім және халықаралық ықпалдастық құралы ретінде қарастыратын ұзақ мерзімді стратегияның бір бөлігі. Жаңа өнер ордасы бірнеше қабаттан тұратын көрме залдарын, интерактивті инсталляцияларды, білім беру және зерттеу платформаларын қамтиды. Әсіресе жас суретшілерді қолдауға баса мән берілмек.

Айта кетейік, қазірдің өзінде Дубайда цифрлық өнерге негізделген бірнеше танымал алаң жұмыс істеп тұр. Олар – Dubai Mall-дағы ARTe Museum, Madinat Jumeirah-дағы TODA және AYA Universe музейлері.

Дайындаған Ақерке БЕККҰЛ

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының ресми газеті
Munara
Меншік иесі: «Munara gazeti» ЖШС
Директор Ағабек ҚОНАРБАЙҰЛЫ

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:
Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ (төраға)
Кенжетай ДҮЙСЕНБАЙ
Сансызбай ҚҰРБАНҰЛЫ
Ермек МҰҚАТАЙ
Ершат ОҢҒАР
Смайыл СЕЙТБЕКОВ
Батыржан МАНСҰРОВ
Нұрлан ҚАЙЫРБЕКОВ
Марат БЕКТАЗИНОВ
Марат ЖАППАСБАЕВ
Нұрбек ЕСМАҒАНБЕТ
Төлеби ОСПАН
Бақдәулет АБДРАХМАНОВ
Қуаныш СӘБИТ
Болатбек АБУ
Асқар ЗӘКІРЖАНҰЛЫ
Естай АЙТУҒАНҰЛЫ
Дастан ҚҰРМАНБАЕВ
Әнуар ЕЛЖАНОВ
Самат ҚАНАТҚАЛИҰЛЫ
Жолдас ҚОСПАҚҰЛЫ
Хамзат ҚАЖЫМҰРАТҰЛЫ
Ержан ТӨЛЕПОВ
Мадияр ПІРІМҚҰЛОВ
Асқар МҰҚАНОВ
Керімбек ДӘУІТОВ
Қанат ҚЫДЫРМИН
Бектұрсын УӘЛИЕВ
Бейбіт ЖАНСАРИН
Амантай САДИЕВ
Думан НӘДІРҰЛЫ

Бас редактор – Серікбол ХАСАН
Шеф редактор – Нариман АМАНЖОЛ
Шарығы редактор – Бауыржан ӘБДУӘЛІ
Жауапты хатшы – Елдар ҚАБА
Фототілші – Қайсар ТҰРЛЫБЕКОВ

Редакцияның мекенжайы:
Астана қаласы,
Қарасаз, 3
«Munara» газетінің редакциясы

Пошта: munara@muftyat.kz
Телефон: 8 (7172) 999866
Жазылу индексі: 64747

Газет айына 2 рет шығады

Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 08.10.2019 жылы тіркеліп, №KZ26VPY00015760 куәлігі берілген.

«Munara» газеті редакциясының компьютерлік орталығында беттелді.

ТАРАЛЫМЫ – 21 400

Тапсырыс: №705
Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 369
«Гамма-Принт» ЖШС
Тел: +7 (727) 247-98-30

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Басылымда Алла Тағаланың есімі мен Құран аяттары жазылғандықтан, газетті аяқасты етпеулеріңізді сұраймыз.